

ПРЕЗИДЕНТ РАҚЫМШЫЛЫҚ ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қаңтарға қатысушыларға рақымшылық жариялау туралы заңға қол қойды. Құжатқа сәйкес, 4-7 қаңтар күнгі «заңбұзушылықтарға қатысы бар» 1,5 мыңнан астам адам амнистияға ілінеді.



Құжат жеңіл және орташа ауыр қылмыс жасағандардың барлығын қылмыстық жауапкершіліктен толық босатуды, ауыр және ерекше ауыр қылмыс жасап, сонысын мойындағандардың жазасын қысқартуды ұсынады.

Жарияланған мәліметтер бойынша, қазір Қаңтар оқиғасы бойынша 1100-ден астам адамға сот үкімі шыққан. Олардың басым бөлігінің бостандығы

өмірін қиған Қаңтар оқиғасына байланысты сот процестері Қазақстанда жүріп жатыр. Қантөгістен кейін елде мыңнан астам адам ұсталып, көбіне «терроризм», «жаппай тәртіпсіздік», «қару-жарақ ұрлау» баптары бойынша айыптап тағылған.

ХАЛЫҚТЫҢ ЖЕРГЕ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ ҚАБЫЛДАНДЫ

Қазақстан халқының жерге меншік құқығы заңнамалық тұрғыдан бекітілді. Сенат отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы екі оқылымда қаралып, қабылданды.



мақтары арасындағы тежеу мен тепе-теңдік жүйесін күшейту, сондай-ақ салалық заңдардың ережелерін 5 маусымда өткен Республикалық референдумның нәтижесіндегі Қазақстан халқы қолдау көрсеткен Конституцияның

жаңашылдықтарымен сәйкестендіруді көздейді. Жоба аясында 15 Кодекске және 46 Заңға түзетулер енгізу көзделіп отыр», - дейді депутат Л. Сүлеймен.

Осы орайда ол заңның негізгі түзетулеріне тоқталды. «Біріншіден, Қазақстан халқының жерге меншік құқығын заңнамалық бекіту. Еліміздегі жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халық меншігі деп тану референдумда қамтылды. Енді нақты түзетулерді Жер, Орман, Су, Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодекстерге енгізу ұсынылады», - деді сенатор.

«Құжат сайлау жүйесін жетілдіру, заң шығару процестерін нормативтік құқықтық реттеуді дамыту, мемлекеттік билік тар-

СТУДЕНТТЕР ҚАСИЕТТІ МЕКЕНІМЕН ҚАЙТА ҚАУЫШТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 356 орындық №5 жатақханасы күрделі жөндеуден өтіп, журналистика факультетінің студенттеріне салтанатты түрде қайта берілді. Осыған орай оқу орнында БАҚ өкілдеріне арналған арнайы баспасөз туры ұйымдастырылды.

Бес қабатты жаңарған ғимараттың ашылуына университет басшылығы, зиялы қауым өкілдері, ҚазҰУ түлектері, оқытушы-профессорлар құрамы мен журналистика факультетінің студенттері, БАҚ өкілдері қатысты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев студенттерді жаңа қоныстарымен құттықтады. «№5 жатақхананың қолына қалам ұстаған қауым үшін өзіндік терең тарихы бар. ҚазҰУ-да оқыған есімі елге танымал журналистер осы студенттер үйінде тұрды. Бүгін сол дәстүр жалғасын тауып, журналистика факультетінде оқып жатқан білім алушы жастарға қолданысқа берілді. Алдағы уақытта Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті құрылысының екінші кезеңінде қалашықта жаңа жатақханалар бой көтеретін болады», - деді ректор.

«Біз қазақ журналистикасының тарихы өрбіген қасиетті мекенге қайта оралдық. Бұл тарихи өте. Бұл жатақханада көптеген зиялы қауым өкілдері тұрған. Мұнда студенттер жайлы өмір сүруі үшін барлық жағдай жасалып отыр. Біз өте қуаныштымыз», - деп өз есерімен бөлісті Журналистика факультетінің 1-курс студенті Хамза Ерден.

Баспасөз туры Әл-Фараби кітапханасында жалғасты. Онда Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ құрылысының II кезеңінің жоспарымен таныстырып, журналистер сауалына жауап берді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың баспасөз қызметі

БИЗНЕСКЕ ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗСІЗ ТАЛАПТАРДАН АРЫЛУ КЕРЕК

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте бизнестің проблемалық мәселелерін шешу, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын негізсіз талаптарды қайта қарау және қысқарту жөніндегі жұмыс барысы талқыланды.

Ұлттық экономика бірінші вице-министрі Тимур Жақсылықов 44 қызметтің 26 саласында реттеуші актілерді талдау жалғасып жатқанын хабарлады. Бұл жұмысты 2023 жылдың бірінші тоқсанында аяқтау жоспарланып отыр. Бұл ретте мемлекеттік органдар бұрын талданған 18 сала, оның ішінде ауыл шаруашылығы, құрылыс, мұнай өндіру, көлік және сауда бойынша құқықтық және заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген.

Премьер-Министр басқа салалардағы реттеуші актілерді

талдауды тездету қажеттігіне назар аударды және осы жұмысты жыл соңына дейін аяқтауды тапсырды. Оның айтуынша, бизнеске қойылатын артық талаптарды жою үшін заңнамалық өзгерістер жедел енгізілуі тиіс.

Сондай-ақ кеңесте бизнестің проблемалық, оның ішінде Отандық кәсіпкерлер кеңесінің отырыстарында көтерілген мәселелерді шешу бойынша тапсырмаларды орындау барысы қаралды.

«Бизнес Үкіметтің алдында проблемалары туралы мәселе көтереді, ал біз олар бойынша өз ұстанымымызды білдіреміз. Әркез ортақ пікірге келе бермеуіміз де мүмкін, өйткені Үкімет бюджет мүмкіндіктерін, барлық әлеуметтік-экономикалық жағдайды ескере отырып шешім қабылдайды. Бірақ кәсіпкерлер қашанда келіспейтін тұстарын айта алады. Біз диалогқа дайынбыз, осы тақырыптарды талқылап, келісілген шешімдер қабылдаймыз», - деді Әлихан Смайылов.

ЖУРНАЛИСТЕРГЕ АРНАЙЫ МӘРТЕБЕ БЕРІЛЕДІ

Елімізде журналистердің мәртебесін белгілейтін заң жобасы дайындалып жатыр. Бұл туралы Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі Түркістан облысындағы БАҚ басшыларымен кездесуінде мәлімдеді.



Кездесу барысында Дархан Қуандықұлы көпшілікті бүгінгі күні министрлік тарапынан атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырды. Министр журналистерді дайындау мен біліктілігін арттыру және мәртебесін көтеру тұрғысынан жүзеге асатын жобалар туралы айтты. «Мәжіліске ұсынылуы жоспарланып отырған медиа туралы заңның басым бағыты бұл журналистердің статусын көтеруге бағытталған. Біріншіден, журналистерге әлеуметтік жағдай жасау көзделіп отыр. Бірақ, бұл журналистің сөз бостандығын шектемейді. Жеңілдетілген несие алуына, ба-

спанамен қамтылуына мүмкіндік береді»- деді ол.

Сондай-ақ, министр заң жобасына сәйкес БАҚ өкілдерінің ақпаратқа қолжетімділігі артағынын айтып өтті. «Журналистерге берілетін жауапты мерзімін қысқартуды ұсынып жатырмыз. Журналистік зерттеуге қатысты болатын кез келген ақпаратқа журналист жеңіл қол жеткізуі керек»- деді министр. Дархан Қыдырәлі бас редакторлардың ұсыныстарын тыңдап, аудандық, қалалық басшылардың жай-күйіне қатысты туындаған сұрақтарға кең көлемде жауап берді.

ҚАУІПТІ КӘСІПОРЫН ҚАШАНҒА ДЕЙІН АДАМ ӨМІРІН ЖАЛМАЙДЫ?

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ көмір департаментінің Ленин атындағы шахтасында апат болып, салдарынан 5 кенші қаза тапты. Төтенше жағдай бойынша ҚР ҚК 277-бабының 3-бөлігі бойынша қылмыстық іс қозғалды.

Қарағанды облысының Шахтинск қаласындағы Ленин атындағы шахта іске қосылған 1964 жылдан бері 69 адамның өмірі қиылған екен. «Қателеспесем, бұл шахта 1964 жылы іске қосылған. 1978 жылы болған алғашқы апатта 4 адам қайтыс болған. 1985 жылы - 2 адам, 1995 жылы - 13 адам қаза тауып, 2 адам жарақат алған. 1998 жылы бір адам өлсе, 1999 жылы жылы 3 адам қайтыс болып, 2 адам жарақат алған. Ең қайғылы жағдай 2006 жылы болғанын айттым. Ол кезде 41 адам өлген. Бұл - бір ғана шахтада болған апаттардың статистикасы. Бұл шынымен де шахталарда адамдардың жиі өлетінін көрсетеді», - деді Юрий Ильин. Ал, «АрселорМитталдың» иелігінде 8 шахта бар. Белгілі болғандай, бұл атышулы «АрселорМиттал Теміртау» АҚ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша шахта қабаттарында улы заттарды залалсыздандыру жұмыстарын жүргізбеген. Желдету құрылғыларын пайдалану мерзімі - 14 жыл. Қазіргі кезде мұнда 1970-1980 жылдардан бастап қолданылып келе жатқан желдеткіштер апатты жағдайда тұр. Кәсіпорын өзге де құрал-жабдықтарды ауыстырумен айналыспайды. Бұл туралы үкімет тарапынан талай ескерту жасалғанмен алып кәсіпорынды иемденген үндіс миллиардер Лакшми Миттал оны құлағына қыстырған емес. Сондықтан бұл апаттан көз ашпайтын кәсіпорын иесін жауапқа тартып, арадағы күдікке толы келісім-шартты қажет.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЛМЫС ШЫҒЫНЫ ШАШ ЕТЕКТЕН

Экологиялық қылмыстар Қазақстанға жыл сайын 3,5 млрд. теңге шығын келтіреді. Бұл шығынның тек 20 пайызы ғана өтеледі.

2017 жылдың басынан 2022 жылдың қыркүйегіне дейін Қазақстанда жыл сайын 1,1 мыңға жуық экологиялық қылмыстық құқық бұзушылық жасалған. Олардың саны жыл өткен сайын азайып келе жатқанымен, елге келтіретін қаржылық шығын артып келеді. Өткен жылы экологиялық құқық бұзушылықтардан Қазақстан 5,3 млрд. теңге шығынға батты. Бұл - 2017 жылдан бергі рекордтық сома болып отыр.

Алайда, кінәлілер шығынның орнын толтырып, қазынаны



толтыруға асықпайды. Мәселен, соңғы 5 жылда орта есеппен тәртіп бұзушылар жылына небәрі 676,5 млн. теңгені немесе жалпы залалдың 19 пайызын ғана өтеген.

Бұл зор Жеңіс!
Ала жаздай аттандап шапқанымыз далаға кетпеді! Алматы қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде бұрын әділетсіздік жасалған қазақ тобына қосымша 41 оқушыға грант бөлінді!!!

Бұл қуанышты хабарды естігенде өзім немесе өз балам оқуға түскендей қуандым. Көз алдыма «Мен күнде таңғы 6-дан тұрып, кешке дейін дайындалдым. Нәтижесінде орыс бөліміне түскендерден 60 бал артық алсам да, қазақ бөліміне тапсырғаны үшін оқуға өтпей қалдым. Менен 60 бал төмен алған орыс бөліміндегі балалар мынау Назарбаев мектебінде оқып жатыр!» — деп,

және «НАЗАРБАЕВ МЕКТЕПТЕРІНДЕ ҚАЗАҚТЫҢ ОЗАТ БАЛАЛАРЫНА ҚИЯНАТ ЖАСАЛУДА!» атты үш мақала жариялауыма тура келді... Бұлардың барлығы менің фейсбук парақшамда, Qazaquni.kz ұлттық порталында, «Қазақ үні» газетінде және көптеген сайттарда жарияланды. Қоғамдық резонанс тудырып, үлкен қолдауға ие болды.

Құдайға шүкір, еңбегіміз босқа кетпеді. Ақыры жеңіске жеттік!

Бұл 41 бала - біз жаздағы үкіметке жазған мақаламызға атап көрсеткен, тура орыс тобына тапсырғандардың балынан алды 60 балға дейін артық алған, бірақ қазақ тобына бөлінген грантты биыл әділетсіздікпен қиып

Атап айтарлық жеңіс - бұдан кейін Назарбаев мектебі грантты бұрынғыдай қазақ/орыс топтарына 70/30 пайыздық арақатынаспен бөлетін болды!

Иә, әділеттілік салтанат құрды! Аллаға сансыз шүкірлік!

Бұл жеңісте бұл мәселеге бей-жай қарай алмаған, әлеуметтік желіде үн қосқан әрбір азаматтың үлесі бар! Иә, ұлт зиялылары бастаған қалың қауым қатты қолдады.

Солардың бірі, «Қазақстан мектебі» журналын ширек ғасыр басқарған белгілі журналист-педагог, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанның білім беру саласының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Сайраш Әбішқызы:

ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫ ТЕҢДІККЕ ЖЕТТІ!

АЛМАТЫДАҒЫ НАЗАРБАЕВ МЕКТЕБІ 41 ГРАНТ БӨЛДІ!

бұрылып, қолымен мектептің әсем ғимаратын көрсетіп қойып, көз жасын сүртіп тұрып, булығын, қорық пен теңсіздікке, көрінеу әділетсіздікке жарылардай зорға сөйлеп шырылдаған қазақтың кара домалақтары Шыңғыс Сабыр мен Аманхан Дінмұханбет бастаған балалардың көздеріне тура қарай алатын болдым ғой деп қуандым. Ол балақай оның видеосын қойып, үкіметке сұрау салған мақала жарияланған фейсбуктағы парақшама маған бата берген видеосын салып жіберіпті! «Періштенің тілегі орындалады, әумин» деп қуанып қалғанмын! Иә, 41 періштенің — 41 баланың тілегі орындалды! Алла жар болсын!

«ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты, «Ақ жол» фракциясы мүшесі Қазыбек Исаға» деп, жазбаша да, видеомен де үндеу жасаған Байсал Төлен, Қуанхан Бақытхан, Мухамат Болатбайқызы бастаған 50 шақты ата-ананың мұңды жүздерінің қуанышқа бөленетінін ойлап қуандым!

«Баламыз жоғары бал алса да, оқуға қабылданбады, біздің айыбымыз қазақ сыныбына тапсырғанымыз үшін, қазақ болғанымыз үшін»-деп ашынып тұрған Тимур Шынтаев секілді ата-аналарға әділдіктің орнауына қолымнан келген үлесімді қоса алғаным үшін жүздеріне тура қарай алатыныма қуандым.

Алла жар болсын! Ақ жол!
Аздап тұмауратып жүргенде, жүректің жарыла жаздап қуанған, шын ниеттерімен алғыс айтып хабарласқан ата-аналардың қуаныштарынан бірден жазылып кеттім десем де болады, құдайға шүкір.

«Мынау видеодағы Шыңғыс Сабыр Маратұлы бастаған, орыстілділерден оқ бойы озып тұрса да, алды 60 бал артық алып тұрса да қазақ сыныбына тапсырғаны үшін, жалпы қазақ болғаны үшін оқуға түсе алмай жылап тұрған 41 баланың жанайқайына кім жауап береді? Президент Тоқаев араласуы керек пе бұған да?! Премьер бар, министрлер бар, бұған жауап бере алмай ма сонда ешкім?»

Қазақ болғаны үшін, озат болғаны үшін 41 баланың қуанышы қалай ас батып отыр «Назарбаев зияткерлік мектебі» басқарма төрайымы К.Шәмшәдинова ханымға?!» — деп аттан салдық «ҚАЗАҚ БОЛҒАНЫҢ, ОЗАТ БОЛҒАНЫҢ ҮШІН ОҚУҒА ҚАБЫЛДАМАУ ҚАНДАЙ ҚОРЛЫҚ?!» — атты мақалада.

Бұдан өзге мен сол елдің бәрі демалып жататын шілде айының 19-22 шілделерінде:

«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ТАПСЫРҒАН ОҚУШЫЛАР ДИСКРИМИНАЦИЯҒА ҰШЫРАП ОТЫР!»

тастағандықтан оқуға түсе алмаған 41 бала.

Әділеттілік қалпына келді!

Баласы үздік оқыса да, оқуға түсе алмаған ата-ананың күйі маған белгілі. Жоғарыда мен «өз балам оқуға түскендей қуандым» деп босқа айтқан жоқпын. Үнемі қалалық, республикалық олимпиа-

Қазақ болғаны үшін, озат болғаны үшін 41 баланы жылатып қойып, қалай ас батып отыр «Назарбаев зияткерлік мектебі» басқарма төрайымы К.Шәмшәдинова ханымға?!» — деп аттан салдық «ҚАЗАҚ БОЛҒАНЫҢ, ОЗАТ БОЛҒАНЫҢ ҮШІН ОҚУҒА ҚАБЫЛДАМАУ ҚАНДАЙ ҚОРЛЫҚ?!» — атты мақалада.

адаларда жүлде алып жүрген, кеше ғана Астанадағы белгілі ұлтшыл ағартушы Аятжан Ахметжанұлы басқаратын Қайым Мұхамедхан атындағы #90 ұлттық гимназиясының 9 сыныбын, негізгі орта білімін тұңғыш үздік аттестатпен бітірген қызым Әмина Жарылқасын 2019 жылы 6-шы сыныпты аяқтар көктемде тура осы Алматыдағы химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебіне сынақ тапсырып, негізгі пәндерден жоғары ұпай алып тұрған болғандықтан өтпей қалған еді...

Енді кезінде өз балам оқуға өтпесе де, бүгін 41 баламның оқуға түсуіне үлес қостым ғой деп қуанышты сезімде отырмын. Өз балаларыма 41 бала қосылып, әлемдегі ең бай әке болып отырған жайымыз бар!

Бұл жеңіс ең алдымен — Қазақ тобына тапсырған озат оқушылардың, ата-аналардың жеңісі!

Қазақ тілінің және Қазақ тілді қоғамның жеңісі!

«Білім беруде әділетсіздікке жол берілмесін. Қазақ тілді сыныптарды қысқарту — қазақ тілінің жолын кесудің жұмыссыз саясатының жалғасы. Қазыбек Исаны толық қордаймын. Зияткерлік мектепте қазақ сыныптары ашылып, жоғары балл алған оқушылар қабылдансын» — деп талап етті біздің мақаламызға үн қосып.

Осы мәселені әлеуметтік желіде алғаш көтеріп, бізге хабарласқан журналист-математик Darqhan Ardaquly, белсенді ата-ана Байсал Төлен бауырларыма шексіз ризамын!

Алғашқылардың бірі болып әділетсіздікке ұшыраған балалардың мүддесін қорғаған әріптесім, Мәжілістің белсенді депутаты Жұлдыз Сүлейменоваға көп рахмет!

Депутаттық дабылымызға дер кезінде назар аударып, жемісті әрекет жасаған, ата-аналардың Назарбаев мектебі басшылығымен кездесуіне ықпал жасаған Президент әкімшілігі Ішкі саясат бөлімі менгерушісі, ұлтшыл бауырларым Болат Тілепов пен Оқу-ағарту министрі Askhat Aimagambetovке көп рахмет! Алла жар болсын!

Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ басшысы Күләш Ибрагимоваға рахмет, ата-аналардың, қоғамның талабын орындап, күнөндөн пәк, періште балалардың жүректеріне жүк түсірмегені үшін. Күләш Ноғатайқызын Президент қолынан алған «Құрмет» орденімен енді құттықтауға болады.

Әділдік бізге қалады. Қазақтілді қоғамның қайрат-жігерінің арқасында Әділеттілікке қол жетті!

Әділетті Қазақстан дегеніміз мүмкін осындай істерден басталатын шығар, құдайға шүкір! Ұзағынан сүйіндірей!

Әділдік жолында әрқашан бірге болайық!

Қазыбек ИСА,
ақын, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты. «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары



• Дүбірлі дүние

АУҒАНСТАНДА ӘЙЕЛДЕР ПОЛИЦИЯСЫ ҚҰРЫЛДЫ

Ауғанстанда билікте отырған «Талибан» қозғалысы полицияның әйелдер бөлімшесін құрды. Оған былтыр тамыз айында елдегі билікті тәліптер басып алғанға дейін ішкі істер министрлігі қарамағында жұмыс істеген әйелдерді тартып жатыр. Құқық қорғаушылардың айтуынша, тәліптер әйел полицейлерді белсенді қыз-келіншектердің митингісін таратуға жұмсамақ.

Тәліптер Ауғанстанда билікке келгеннен кейін әйел құқығын сақтауға уәде берген. Бірақ іс жүзінде керісінше, қатаң шектеулер енгізді. Исламистер 20 жыл бұрын құрылған Әйел ісі жөніндегі министрлікті жойып, қыздардың мектепте білім алуына шектеу енгізді, қыздарға спортпен шұғылдануға тыйым салып, әйелдерге көшеге жалғыз шықпауға және көпшілік арасында бет-жүзін жауып жүруге міндеттеген. «Талибан» қозғалысын көптеген елдер террорист ұйым деп таныған.

РЕСЕЙ мен СОЛТҮСТІК КОРЕЯ БАЙЛАНЫСЫНА КҮДІК КҮШЕЙДІ

АҚШ барлау қызметінің Адерегінше, Солтүстік Корея оқ-дәрі Таяу Шығыс және Солтүстік Африкаға жіберіп жатқандай түр көрсеткенмен, шын мәнінде оларды Ресейге жіберген деген күдік бар. Қыркүйекте АҚШ барлау қызметі Ресей Солтүстік Кореядан артиллерия снарядтары мен зымырандар сатып алып жатқанын мәлімдеген-ді. Осыған дейін Ресей Ираннан «Шахед-136» деп аталатын әскери дрондар алып жатқаны белгілі болды. Бірақ Ресей қорғаныс министрлігі мен Иран ресми түрде ондай ақпарат шындыққа сай емес деп мәлімдеген. Солтүстік Корея әлемдегі ең ірі артиллериялық қару-жарақ түрлеріне ие. Ол қару-жарақтың көбі кезінде совет армиясында болған калибрдегі снарядтарды қолданады. Демек оларды Ресей артиллериясы да пайдалана алады. Әзірге Ресей мен Солтүстік Корея өкілдері бұл мәліметке байланысты ешқандай пікір білдірмеді. Ал АҚШ ұлттық қауіпсіздік кеңесінің өкілі Джон Тирби Вашингтон мәселені бақылап отырғанын айтты

ИРАН САУД АРАБИЯСЫНА ШАБУҰЛДАУЫ МҮМКІН

Сауд Арабиясының ресми Сөкілдерінің мәлімдеуінше, Иран Сауд Арабиясына, сонымен бірге Ирактың Күрдістанындағы Эрбилге шабуыл жасауды жоспарлаған. Тегеран қоғам назарын ішкі наразылықтан басқа жаққа аудару үшін осындай әрекетке бармақшы. Осыған байланысты АҚШ, Сауд Арабиясы және аймақтағы басқа да елдер қарулы күштерінің дайындығын пысықтай түсті.

Өткен айда корпус қолбасшысы Сауд Арабиясынан Ирандағы наразылық туралы ақпарат таратуды шектеуді талап еткен. «Бұл біздің соңғы іскертуге, өйткені сендер біздің ішкі істеріміз БАҚ арқылы араласып отырсындар», — деген-ді генерал-майор Хоссейн Салами. Иранда бір жарым айдан астам уақыттан бері 22 жастағы Махса Аминидің өліміне байланысты наразылық акциялары өтіп жатыр. Акцияға қатысушылар қыздың өліміне полицейлерді кінәлайды. Назарылықты басу кезінде Иран полициясы қару қолданды, 200-ден астам адам қаза болған, мыңнан астам адам ұсталған.

ТАУБЕЛДІҢ ТАУДАЙ ПРОБЛЕМАСЫ ҚАШАН ШЕШІЛЕДІ?

Әлемдік елу елдің қатарына кірдік деп екпіндеп, отыз елге кіреміз деп омыраулаған еліміздің шын мәнідегі сиқы Қаңтар оқиғасынан кейін анық көрініп, ашық айтыла бастады. Облыс пен аудан орталықтарынан, қалалардан алыс ауылдарды айтпағанда, қос астанамыздың іргесі тұрмақ, өзіне қарасты елді мекендердің жайын айтқанда жағанды ұстайсың...

Мысалы, Алматы қаласы Наурызбай ауданы, Қарағайлы ықшамауданы «Таубел» қалашығының жағдайы ешқандай сын көтермейді. Бұл қалашықта қайнаған шілдеде су болмай қалуы немерсе электр жарығы сөніп қалуы әдетке айналған. Жолаушылар таситын автобустар бармайды, таксилер көшелердегі жолдың нашарлығын айтып барғысы келмейді. Айта берсе, инфраструктурада шешілмеген мәселелер шаш етекпен. Тұрғындардың жазбаған жері жоқ. Талай телеарналарды шақырып, бәрі жарыса зарын айтып, шулап қала берген сәттер жетерлік.

2021 жылы Парламент Мәжілісі депутаты болысымен сол кездегі Алматы қаласы әкімі Бақытжан Сағынтаевпен депутаттардың кездесуінде бұл мәселелерді біз де көтергенбіз. Сонда әкім үздіксіз сумен жабдықтау мәселесін шешу үшін «Қарғалы» су дайындау станциясы мен су жинау құрылысын қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуде, ол 2022 жылдың аяғында бітеді деп еді. Қазір сол мерзім болып қалды. Бірақ судан хабар жоқ әлі...

Биыл жазда Парламент Мәжілісіне біздің атымызға «Қарағайлы» ықшамауданы «Таубел» қалашығының тұрғындары атынан жазушы Нұржан Мұратәлі Раушанұлынан қалашықтың бар мәселелерін тізіп жазған арыз келіп тұсті. Бұл хатты біз Үкіметке жібердік. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 65-бабының 1-тармағына сәйкес, жолданымда қойылған мәселелерді шешу құзыретіне кіретін әкімшілік органдарға, лауазымды адамдарға жолдадық.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Р.В. Склярға, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылым даму министрі Қ.А. Әскенбаевқа, Алматы қаласының әкімі Е.А. Досаевқа жібердік. Одан тиісті жауаптарды да алдық. Жауаптарды жарияламас бұрын, алдымен арыз хатпен таныстырайық.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаты Қазыбек Исаға және «Ақ жол» фракциясы мүшелеріне Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қарағайлы ықшамауданы «Таубел» қалашығының тұрғындары атынан Мұратәлі Нұржан Раушанұлынан.

Алматы қаласы, Наурызбай ауданы,
Қарағайлы шағын ауданы,
Арал көшесі 55/54

Құрметті Қазыбек Иса және «Ақ жол» фракциясы мүшелері!

Сіздерге, Парламент Мәжілісіндегі «Ақ жол» партиясы фракциясы мүшелері, Қазақстан халқының ардақты, беделді азаматтары, халық жанашырлары ретінде Алматы қаласы, Қарағайлы шағын ауданындағы Арал көшесінің «Таубел» қалашығының тұрғындарының атынан осы хатты жолдап отырмыз.

Біздің қалашықта 72 үйде 300-дей адам тұрады. Алматы қаласында тұрғындарға ба-спана беруде мемлекеттен де, қала әкімшілігінен де еш көмек болмайтындығына көзіміз жеткендіктен, 2012 жылы қазіргі осы қалашық тұрғындары қымбатқа болса да, сол кездегі Алматы облысы Қарасай ауданына қарасты аймақтан жер учаскелерін сатып алдық. Мемлекетке қарап отырмай, өз қаражаттарымызға су, электр құбырларын жүргізіп, тас жол салған болатынбыз.

2014-ші жылы, Алматы қаласы Наурызбай ауданы құрылған сәттен бастап, біздің қалашық Алматы қаласы Наурызбай ауданының құрамына өтті.

Ал енді біздің 10 жылдан бері тартып келе жатқан жол азабымыз, көлік қатынасы жоктығы, су тапшылығы, электр жарығының жетіспеушілігі және тағы басқа

проблемаларды айтсақ, соқыр көзден жас шығады.

Ретімен баяндап берейік.

1. Көктем басталғаннан су мәселесі қалашығымызда басталады, күзге дейін халықтың әбден мазасы кетеді, су тапшылығынан еріксіз водовоздардан суды сатып аламыз, салғын бау-бақшамыз су тапшылығынан суалып қурап

қалады. Ал, жаздың күні тіпті жуынуға, ішуге су болмайды. Су тапшылығын пайдаланып, су тасыйтындар (водовоз) жылда суды қымбатқа сатады, соған қарамастан қалашық тұрғындары суды сатып алуға мәжбүр! Біздің қалашықтың су құбырлары иесіз (безхозный) болғандықтан өз күшімізбен жөндеу жұмыстарын жүргізуге мәжбүрміз! 11.03.2019 жылы «Алматы су» өкілдері келіп тексеріп біздің «Таубел» қалашығының Д-76мм ПЭ су құбырларын баланса алуға тиімсіз деп акті жазып кеткен болатын, содан бері жазған арыздарымыз еш нәтиже бермеді. Осы айтылғандардың негізінде және Қазақстан Республикасының 28.09.2011-ші жылы №11.03 Мемлекеттің құқықтық меншігіне өткізіп алу бойынша тәртіпті бекіту туралы қаулысына сәйкес Алматы қаласы Наурызбай ауданының Қарағайлы шағын ауданы Арал көшесіндегі «Таубел» қалашығындағы Д-75*4,4 мм, 2500 метрден тұратын су құбырларын Мемлекеттік коммуналдық меншікке өткізуге ықпал етуіңізді сұраймыз.

2. Сонымен қатар 16.08.2021 жылы Алматы қаласы Бостандық ауданының соты, «Таубел» қалашығының электр жүйесі иесіз (безхозный) деп танып, қаланың балансына өтуге тиісті екендігі жайлы шешім шығарған болатын. Бірақ соттың бұл шешімі де ұзаққа созылып, өз шешімін тапқан жоқ. Қалашықта жиі электр жарығы сөніп қалу жиілеп тұр. Сондықтан осы мәселеге де ықпал етулеріңізді сұраймыз.

3. Сондай-ақ біздің қалашықта көшелерде жарық жүйесі жоқтығымен бірге тұрғын үйлеріміз, шұңқырлы, шұрқ тесік, тар жолмен жүріп жатқан автомашиналардың арасында, қысы-жазы 3-4 км жерге мектепке жаяу барып келеді. Қазір көшелерде көп кездесіп жатқандай, тәжірибесіз



жүргізушілер балаларды қағып кетуі әбден ықтимал. Сондай қайғылы оқиғалардың алдын алу мақсатында, алдымен заман талабына сай асфальтты жол салу керек. Содан соң, жол жағасына міндетті түрде тротуарлар түсуі тиіс.

4. Сонымен бірге «Таубел» қалашығына автобус жүйесін жіберуді шешу қажет.

Себебі, балалар мектептен қайтқан кезде, жол бойындағы бақта иесіз иттер көп болғандықтан, үнемі балаларға қауіп төндіреді, ата-аналар балалардың қауіпсіздігіне алаңдаулы.

5. Сонымен қатар, «Таубел» қалашығында балалар ойнайтын алаң, үлкендер демалатын орын жоқ. Оларды салатын жер де жоқ, әкімшілік, тіпті қалашықтағы сайларға, арықтарға дейін, тар жолдың жағасына дейін сатып жіберген.

Ал, тұрғындардың арызына ешбір жауап жоқ. Қаланың әкімдері ауысқан сайын, арыз жаза-жаза шаршадық. Еш нәтиже жоқ.

Біз Алматы қаласы ішінде тұрсақ та, алыстағы ауылдан да жағдайымыз төмен. Қалашықтың 10 жылдан бері инфрақұрылымы, коммуналдық жағдайы шешілмей келеді. Сондықтан, парламентте халық үнін жеткізіп, ел аманатын орындап келе жатқан «Ақ жол» фракциясы мүшелері, сіздерден көмек күтеміз.

Осы мәселелердің шешімін табуға ықпал етеді деп үміттенеміз. Қорыта айтқанда, Таубелдің таудай проблемаларын шешу үшін біздің ұсыныстарымыз:

1. Су мәселесін шешуді сұраймыз. «Таубел» қалашығындағы су жүйелерін Мемлекеттік коммуналдық меншікке өткізу керек.

2. Электр жарығымен қамтамасыз ету керек!

«Таубел» қалашығының электр жүйесі сот шешімімен иесіз (безхозный) деп танылғандықтан, қаланың балансына өтуге тиіс.

3. Жол мәселесін шешу керек! Қалашыққа асфальт жол салынып, оған қоса тұрғындар қауіпсіздігі үшін тротуарлар салынуы тиіс.

4. Көшелерді жарықтандыру толық аяқталуы керек!

5. Балалардың, жалпы тұрғындардың қауіпсіздігі үшін Көлік қатынасы жолға қойылуы керек. Қалашыққа автобус жүйесі қосылуы тиіс.

6. «Таубел» қалашығында балалар ойнайтын алаң, үлкендер демалатын орын жоқ. Осы мәселені шешу керек.

Құрметпен, «Таубел» қалашығы тұрғындары атынан, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, жазушы, Қазақстан Республикасының Құрметті Азаматы Нұржан Мұратәлі Раушанұлы.

Енді Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасының арыз іесі Н. Мұратәліге жауабын жариялайық..

**СУ ДАЙЫНДАУ СТАНЦИЯСЫ
СУ ЖИНАУ ҚҰРЫЛЫСЫН
ҚАЙТА ЖАҢАРТУ
ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ**

«Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» КММ (бұдан әрі - Басқарма) өз құзыреті шеңберінде бүгінгі күні қалаға қосылған аумақтарда, атап айтқанда Наурызбай ауданының тұрғын үй санына қарай, Таубел, Ақжар және Шұғыла шағын аудандары) ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша күрделі жағдай қалыптасты. Жазғы кезеңде суару қажеттіліктері үшін судың жоғары тұтынылуына байланысты, сондай-ақ бұрын шаруашылық әдіспен салынған құбырлардың диаметрінің аздығына байланысты желілердегі су қысымының төмендеуі байқалады. Қазіргі уақытта үздіксіз сумен жабдықтау мәселесін шешу үшін басқарма «Қарғалы» су дайындау станциясы мен су жинау құрылысын қайта жаңарту жұмыстарын жүргізуде (өнімділігі – тәулігіне 15 мың м³). Аталған жобаны іске асыру Қарағайлы шағын ауданының тұрғындарын үздіксіз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Қарағайлы шағын ауданының сумен жабдықтау және кәріз желілерінің құрылысы бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде екенін хабарлайды. Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу уақытылы аяқталған жағдайда, жоба іске асырылатын болады.

Инженерлік инфрақұрылымды жайластыру жұмыстары



аяқталғаннан кейін Алматы қаласының Қалалық мобильділік басқармасымен бірлесіп асфальт-жол төсемін жөндеу және салу мәселесі қаралатын болады.

Ұжымдық су құбыры желісін Алматы қаласының коммуналдық меншігіне беруге қатысты «Алматы Су» МКК ақпараты бойынша ұзындығы L-2500п.м. болатын Таубел Д-76мм тұрғын үй қалашығының ұжымдық су құбыры желілері полиэтилен құбырларының материалын Алматы қаласының коммуналдық меншігіне қабылдау орынсыз, келесі себептер бойынша: -Д-76мм жеке су құбыры Таубел коттедж қалашығының аумағы арқылы өтеді, ұзындығы шамамен L-160п.м., су құбыры желісін авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін қолжетімділік жоқ. Аталған су құбыры ҚНЖЕ және 2017 жылғы 23 маусымдағы №439 «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентін сақтамай, шаруашылық тәсілмен салынған. Таубел қалашығының аумағында құдықтарда өрт гидранттарының орнына өрт крандары орнатылған, бұл ҚНЖЕ талаптарына сәйкес келмейді. Электрмен жабдықтауға қатысты Алматы Жарыққа қатиясы» АҚ (бұдан әрі - АЖК) ұсынған ақпаратқа сәйкес «Таубел» тұрғын қалашығын электрмен жабдықтау ТП-3326-дан жүзеге асырылады. ТП-3326 қазіргі уақытта 21.01.2022 жылғы №5 шарт бойынша «АЖК» АҚ РЭҚ-3 төңгеріміне өтеусіз негізде берілді.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта «Таубел» тұрғын алабының тұрғындарына жеке дербес шот ашу үшін техникалық шарттар берілетінін хабарлаймыз. Аталған мекенжай бойынша «АЖК» АҚ жедел құжаттамаларына сәйкес 01.06.2022 жылдан бастап 16.06.2022 жылына дейін «АЖК» АҚ желілерінде (ТП-3326) апаттық және жоспарлы ажыратулар қайта қосулар жүргізілген жоқ. 17.06.2022 жылы «АЖК» АҚ РЭҚ-3 персоналы жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша ша барып жабдықты қарап, кернеуді өлшеді. Кернеуді өлшеу барысындағы көрсеткіштер: ТП-3326: Уф - 242, 237, 238в. Сондай-ақ, 17.06.22 ж. ВЛ-0,4 кВ желісінің соңында көрсеткіштер: Уф - 241,235,236 в, бұл МЕМСТ 13109-97 «Жалпы мақсаттағы электрмен жабдықтау жүйелеріндегі электр энергиясы сапасының нормалары», 5.2-тармақ «Электр энергиясын қабылдағыштардың терминалдарындағы кернеудің тұрақты ауытқуының калыптасуына сәйкес электрмен жабдықтау элементінің жөндеу немесе ауыстыру үшін қажетті электрмен жабдықтаудың бір күнтізбелік күннен аспайтын үзілістеріне жол беріледі. Сондай-ақ, «АЖК» АҚ ресми сайтында azhk. электр жабдықтарын жоспарлы жөндеу кестесі, өшіру күнін, уақытын, жөндеу жұмыстарының түрін және мекен-жайын көрсете отырып

орналастырылады. Сондай-ақ, сайттың «Апаттық сөндірулер» интерактивті бөлімінде ағымдағы уақыттағы авариялық жағдайлар себептерінен Электрмен жабдықтаудың іркілістері туралы ақпарат алуға болады. Электрмен жабдықтаудың іркілу себептеріне қатысты ақпаратты жедел ұсыну мақсатында «Алматы ЭнергоСбыт» ЖШС «Байланыс-орталығына» 356-99-99 телефоны бойынша хабарласуды ұсынамыз.

Көшені жарықтандыруға қатысты, «Алматы Қала Жарық» МКК ақпараты бойынша Арал көшесінде сыртқы жарықтандыру желілері бар және штаттық режимде жұмыс істейді.

Осы шешіммен келіспеген жағдайда, Сіз Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстерінің 91-бабына сәйкес әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағымдануға құқылысыз.

**Руководитель управления
АЛИН САНДЖАР
МЕНДЫБАЕВИЧ**

Иә, «Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» басқарма жетекшісі АЛИН САНДЖАР МЕНДЫБАЕВИЧ осылай жазылған ресми хатына «РУКОВОДИТЕЛЬ УПРАВЛЕНИЯ» деп қол қойыпты. Өйткені ол хатты дайындаған «ИСПОЛНИТЕЛЬ» МЫНБАЕВ ГАЛЫМ ЕРЛАНОВИЧ екен...

Бұл хаттан Алматыдағы үлкен басқарманың іс қағаздарының қай елдің тілінде дайындалатыны, мемлекеттік тілдегі өз жауап хаттарын басшының өзі де оқымайтынын көрсетеді... Міне, Мемлекеттік тіл туралы заңның қазір ең басты мәселе болып тұрғанына айқын дәлел. Тіл түзелмей, тірлік түзелмейді!

Енді Алматы қаласы қалалық мобилділік басқармасының жауабын да келтіре кетейік.

«Сіздің 2022 жылғы 13 маусымындағы № ЖТ-2022-01853673/2 келіп түскен хатты қарастырып, Наурызбай ауданындағы «Қарағайлы» шағын ауданының көшелеріне инженерлік желілердің құрылысы 2022-2023жж. жоспарланған. Осыған байланысты Арал көшесінің жолын жөндеу жұмыстары инженерлік желілердің құрылысын тұрғызуға аяқталғаннан кейін жүргізілетіндігін хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91 бабына сәйкес, Сіз лауазымды тұлғаның іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) не өтініш бойынша қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда белгіленген тәртіпте жоғары тұрған органға шағымдануыңызға құқығыңыз бар.

**Басшының орынбасары
Е. Абжахан.**

Қорыта айтқанда, таудай проблемасы шешілмей келе жатқан Таубел қалашығын жайып осындай болып тұр. Тек басқарма басшыларының жауабындағы жүргізіліп жатқан жұмыстардың өз мерзімінде тез бітуін тілейміз. Сонда ғана, Таубел тұрғындары Әділетті Қазақстанның азаматтары екенін сезіне бастайды.

**Қазыбек ИСА,
ҚР Парламенті Мәжілісі
депутаты**



ҚАЗЫБЕК ИСАҒА ГАЗ КІРГІЗІП БЕРГЕНІ ҮШІН ҚАРТТАР ҮЙІ АЛҒЫС АЙТТЫ

Шымкент қаласындағы «Түркістан» сарайында Оңтүстіктің тумасы, ақын, Халықаралық С.Есенин атындағы сыйлықтың иегері, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты Қазыбек Иса Жарыққасынұлының «Сырымды айттым далаға» атты шығармашылық кеші өтті.



Кеште Шымкенттегі «Қарттар үйі» директоры Шәрбат Шырынбекова мен бір топ қариялар саясат пен мәдениетті ұштастырып жүрген ақын Қазыбек Исаға мекемелеріне газ кіргізіп бергені үшін ризашылықтарып айтып, «Қарттар үйінің» паналап отырған 170 қариялар атынан құттықтап, иығына шапан жапты.

Еске сала кетейік, биыл, 2022 жылдың 8 шілдесінде ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қазыбек Иса Шымкент қаласында орналасқан Түркістан облыстық «Қарттар мен мүгедектер үйі» мекемесіне барған еді. Сол кезде белгілі журналист Ерсултан Әмірбек «Қарттар үйіне де келетін депутат бар екен ғой» деп мақала жазған болатын.

1965 жылы ашылған «Қарттар мен мүгедектер үйі» мекемесін 170 адам паналайды. Бұл мекемеде осы күнге дейін

газ мәселесі шешілмеген, қыста көмір жағылады. Осы мәселе бойынша «Қарттар үйінің» әкімшілігі өз тарапынан ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қазыбек Исаға хат жолдап, газ мәселесін шешіп беруді сұрап, өтініш жасаған еді. Өз тарапынан халық қалаулысы ҚР Энергетика министрлігіне және Шымкент қаласының әкіміне мәселені шешуді сұрап, депутаттық хат жолдаған. Көп ұзамай мәселе оң шешімін тауып «Қарттар үйі» қды. «Қарттар мен мүгедектер үйінің» директоры Шәрбат Шырынбекова: «Жарты ғасырдан астам қаланың ортасында көмір жағып келе жатқан мекемеміздің газ қосамыз деп, қолымыз жетпей жүргеніне де 15 жылдан асты. Мәжіліс депутаты, «Ақ жол» фракциясы мүшесі Қазыбек Исаға ықпалымен бұл мәселе шешілетін болды. Қазір 3 миллион теңге тұратын

техникалық құжаттар тегін жасалынып берілді, тамыз айында газ құбырларын да тегін орнатып беретін болды. Күзге қарай газ да келіп қалады деп жоспарлаудамыз. Парламентте халық сөзін сөйлеп отырған

Ақжолдық депутаттарға Ақ жол тілейміз!» деп шын ризалығын, ақжарма тілегін білдірген еді сол кезде.

Енді, міне, 1 қазан Қарттар күнінен бастап Қарттар үйі көгілдір отынмен жылады. Сахнаға шыққан ақ салуды қария, ақ кимешекті әжелер ақын депутат Қазыбек Исаға Ақ тілектерін айтып, Ақ жол тілеп жатты. Әсерлі сәтке куә болғандар көздеріне жас алып, «Депутат болсаң, Қазыбектей бол» деп ризашылықтарын білдіріп жатты.

— Сіздер «алпысқа келді деп жатсыздар, біздің қариялар Қазыбек ағаны «бір мейірімді бала екен, Алланың мейірі түскен жігіт екен» деп батасын беріп жатты жазда жазға келгенде. Сондықтан, 60 жас — жігіттің жасы деп ойлаңыз, осындай жігіт боп деп беріңіз, Қазыбек аға!» деп ақжарылып сөйледі Шәрбат Шырынбекова. Сонымен бірге Қарттар үйінде тұратын суретші, қазақша қатырып сөйлейтін Руслан Романов өз қолымен моншақтан теріп жасаған картинасын табыс етті.

Бұл сол жаздағы кездесуде Қазыбек Исаның Мемлекеттік тіл мәселесін көтеріп жүргеніне рахмет айтып, қолдау білдірген, Мемлекеттік тіл мәселесі әлдеқашан шешілетін уақыт болғанын айтқан ұлты орыс жаны қазақ Руслан!

Қазыбек Иса да Қарттар үйінен тізіліп келген қарияларға рахметін айтып, бас иді.

Ақынға халқының Алғысынан артық не бар дейсің?!

Қазір жан жылуы арқасында газ жылуына қолдары жеткен Қарттар үйінің барлық тұрғыны «Ақ жол» партиясына мүшесі.

Мәмбет ҚҰРМАНБАЕВ

**ҚР ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТЫ
ҚАЗЫБЕК ИСАҒА,**

**ҚР ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТЫ
ҚҰДАЙБЕРГЕН ЕРЖАНҒА,**

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ, ШАРДАРА АУДАНЫ,
ҚОССЕЙІТ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ БІР ТОП
ТҮРҒЫНДАРЫ АТЫНАН**

Шардара – Түркістан облысының орталығынан шалғайда, тіршіліктің күре тамыры іспеттес темір жолдан да ұзағырақ жатқан аймақ. Десек те, халқының еңбексүйгіштігінің, өмірге құштарлығының арқасында өмір көшінен қалмай келе жатқандығы да көңілге бір ерекше жылы сезім ұялатады. Сөйте тұра, мемлекеттік заңдылықтарды белден басып, ойына не келсе соны істегісі келетін кейбір көрсөқыр кәсіпкерлердің келеңсіз тірліктері шағалалы өлкенің алға басқан адымын кейін тартып, абырой, атағының ерін қашырып тұрған жайы бар. Мәселеге турасынан көшейік.

БЕС МЫҢ ТҮРҒЫННЫҢ ЖАЙЫЛЫМ ЖЕРІН ЖАЙПАП ТАСТАҒАН КӘСІПКЕР ПРЕЗИДЕНТТІҢ ПӘРМЕНІНЕ ПЫСҚЫРМАЙ ОТЫР

Шардара ауданында сонау 1964 жылы ең алғашқы күріш шаруашылығы болып құрылған, кезінде «Восход», егемендік алған соң Қоссейіт атанған елді мекен бар. Қазіргі кезеңде мемлекеттік жекешелендіру саясатына сәйкес ауыл тұрғындары өздерінің жер үлестерін алып, әркім өзіне қолайлы дақылдарын егіп өмір кешіп жатыр. Бірақ соңғы екі жылдың көлемінде Бекетов Бақытжан, Бекетов Ержан деген ағайынды екі кәсіпкер аудан әкімінің 2021 жылғы 1 сәуірдегі №125 санды және 2022 жылғы 7 ақпандағы №47 санды Қаулыларын заңсыз деп тауып, ауыл тұрғындарының малын жаюға деп бекітіліп берілген жер учаскесінен шағыл құм тасып сататын карьер ашпақ болып әрекет жасап жүр.

Жайылым мәселесін Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі арнайы Жолдауында, Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөз етіп, пайдаланылмай жатқан жайылымдарды мемлекет меншігіне қайтаруды тапсырған. Ел пайдаланып жатқан жайылымды «Кәсіпкермін, кәсіпкерлікке ешкім тиісе алмайды деген кеудемсоқтықпен тартып ал» деген жоқ.

Ағайынды Бекетовтердің көз тігіп отырған жері – Қоссейіт ауылының тұрғындарына аудан әкімінің 01.04.2021 жылғы №125 Қаулысымен «ауыл халқы үшін ортақ жайылымға» деп қол қойып бекітілген жер. Ол аз десеніз, сөзімізге аудан әкімінің 07.02.2022 жылы шыққан №42 Қаулысы да толық негіз болады.

Аудандық жер комиссиясы 25.01.2022 жылы «Шардара-құм» ЖШС-нің директоры Б.Бекетовтің өтінішін қарап, лицензиялау көрсетілген 24,2 га жер учаскесіне құқықты табыстаудан бас тарту туралы шешім қабылдаған. Соған сәйкес 07.02.2022 жылы аудан әкімдігінің №47 Қаулысы шыққан. Ал аталған шешімді қабылдауға аудан әкімдігінің 01.04.2021 жылғы №125 Қаулысымен тұрғындардың мал жаюы мен шөп шабуы үшін ортақ пайдалануға қалдырғаны негіз

дентінің аудандағы бірден-бір өкілі. Бұл жерде Президенттің пәрменіне, ҚР Үкіметі қабылдаған заңдарға сүйенген аудан әкімінің шешімі ешқандай талқыланбауы тиіс еді. Ал ауыл тұрғындары да, карьер ашамын деп шапқылап жүрген кәсіпкер де Қазақстан Республикасының азаматтары. Олар да заңды құрметтеуі тиіс, заңға бағынуы керек. Анық-қанық жазылған заңды айналып өту, жымьысқы әрекет жасау деген болмауы қажет. Олай болса, аудан әкімінің Заң аясында қабылдаған шешімі неге бұзылуға тиіс?!

Неге?

Өйткені бұл жерде аудандық сот Қазақстан Республикасының «Сәулет, қала құрылысы және

Қоғамдық тыңдау, жария тыңдау өткізбестен, немесе өткізген жағдайда халықтың қарсылығына тап болған кәсіпкерге аталған лицензия қалай берілді? Құзырлы орындар «біз оларға лицензияны ескі тәртіппен бергенбіз» дейді. Жаңа ереже шыққан соң олар қалайша ескі ережені пайдаланды? Ескі ереженің күші автоматты түрде жойылады ғой.

Ағайынды Бекетовтер ауылға келіп, «осындай да, осындай құмды аламыз» дегенде осындағы тұрғындар жаппай қарсылық танытқан. Халықтың қарсылығына қарамастан оған лицензия бергендер де, қарсылыққа қарамастан құм қазу жұмыстарын одан әрі жалғастырып жатқан

«Ашыққаннан құныққан жан» дейді халқымыз. Ашыққан адам тойынса қанағат етеді, ал құныққан пенденің көзінө дүние, байлықтан басқа ешнәрсе көрінбейді. Ол адамға ел, жер, су, табиғат, туған жердің болашағы, кейінгі ұрпақтың өмірі деген әңгімелердің құны – көк тиын. Мынау аталған дүниелер адамзат баласымен ықылым заманнан бірге келе жатыр. Туып-өскен жеріне деген мысқалдай құрметі бар пенде осы дүниелерден өзін рухани қажеттілігін алады. Ал әлгі біз айтып отырған кәсіпкерлерге тек қана материалдық байлық керек болып тұр.

Ия, оларға тағам тек тиын керек, теңге керек. «Құм сатпаса, өлемін» десе, арғы жағында Сырдарияның бойы жатыр құмға толып... Өзеннің етегінен құм алса, дарияның көзі ашылып қалар еді. Біз де оған «бәрекеді!» дер едік. Мына жағында Қызылқұмның етегі жатыр құмға толып... Қызылқұмның бір төбесі сенің өмір бойы құм сатуына жетеді, айналайын. Қолындағы 5-6 малмен күнін өзер көріп отырған жұрттың жайылымында нең бар?

Біреуі сол малдан алған сүтін сатып, одан артылғанын айран қылып сатып, одан да артылғанын май қылып сатып күн көріп отыр ғой. Малы төлдесе төлін сатып біреу баласын оқытып отыр, біреу бала-шағасын киіндіріп отыр, тағысын-тағы...

Ауыл халқы аңғал болса, аңғал шығар, бірақ, ақымақ емес. Ауыл халқы кейбір істерге қауқарсыз болса, қауқарсыз шығар, бірақ, сауатсыз емес. Елдің сөзін сөйлейтін небір сауатты жандар бар. Қантар оқиғасы орын алғанда «шетелге қашыңыз» деген опасыздарға Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай: «Қасық қаным қалғанша халықпен біргемін» дейтін қайсар ұлдарымыз бар.

Мәселе таяу арада, дәл осы ауданда шешілмесе алдағы үлкен саяси науқан – Президент сайлауы қарсаңында халықтың жанайқайын Мемлекет басшысына баяндайтын боламыз! «Қашанда халықпен біргемін» деп сөз берген Президентімізге сенеміз!!!

Біз бұл мәселені бұлайша жылы жауып қалдыра алмаймыз. «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген халықтың ұрпағымыз. Көрші ауылдың кәсіпкеріне арымыз былай тұрсын, малымызды таптатаймыз. Ендігі жерде жоғарыда айтылған жайылымдымызға кәсіпкердің техникасы кісер болса, біздің денемізді басыр қана кіреді. Одан беріде біз басқасына көнбейміз де, төзбейміз де!

Қорыта айтарымыз – біздің Қоссейіт елді мекені тұрғындарының мал жайылымына деп аудан әкімінің шешімімен берілген аймақтың өзге бір кәсіпкердің қанжығасында кетпеуін талап етеміз.

Т.ЖАНЫҚҰЛОВ,
Түркістан облысы
Шардара ауданы
Қоссейіт ауылдық ардагерлер
кеңесінің төрағасы

И.ЖҮСПІҰЛЫ,
Түркістан облысы
Шардара ауданы
Қоссейіт ауылдық қоғамдық
кеңестің төрағасы

Қ.ЖҰМАБЕК,
Түркістан облысы
Шардара аудандық
мәслихаттың депутаты



болған. Осы шешімде «Ортақ жайылым 20 жылға резервке қалдырылған» деген жолдар да тайға таңба басқандай жазылып тұр.

Билік басында отырған азамат қай уақытта да мемлекеттік заң аясында жұмыс істеуге міндетті. Бұл орайда аудан әкімі «Шардара-құм» ЖШС-не жер учаскесіне құқықты табыстаудан бас тартқанда ҚР Жер Кодексінің (13-бабы, 2-тармағы, бірінші бөлігінің 7-2) тармақшасында көрсетілген «Жайылым алқаптары жекеменшікке берілмейді және жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін халық мұқтажына пайдаланылады» деген заңдылығын негізге алған.

Бұл тірлік осыдан кейін тоқтай таңба еді. Өйткені барлығы тайға таңба басқандай нақты жазылған, анық көрініп тұр. Бірақ, жоғарыдағы кәсіпкерлердің Президентіміз Қ.Тоқаевтың пәрменіне пысықып та қарамай, әлдекімдерді, бәлкім лауазымды тұлғаларды іске араластыра отырып, заңды белшесінен басып, 5000 халық малын жайып отырған жерді аламын деуі – нағыз бассыздық, нағыз ақымақтық!

Аудан әкімі мемлекет Президи-

құрылыс қызметі» туралы Заңын негізге алған. Ол Заңда әкімшілік-аумақтық бірліктердің санаттары мен елді мекендердің санаттары көрсетілгенімен, бірақ, елді мекендердің шекаралары айқындалмаған.

Аудандық сот бұл мәселені Қазақстан Республикасының Жер Кодексі туралы Заңы бойынша қарауы тиіс еді. Міне, осы Заңда елді мекендердің шекаралары қалай анықталатыны айқын да анық көрсетілген. Осы Заңмен алып қарағанда әлгі жайылым жердің Қоссейіт ауылдық округіне қарасты екендігіне (бұрыннан да солай болып келе жатқандығына қарамастан) тағы да көзіңіз жетеді. Қоссейіт ауылдық округінің шекарасы оңтүстік жақтағы Қ.Тұрысбеков ауылдық округімен, солтүстігіндегі Көксу ауылдық округімен шектесетін қашыртқыға (зброс) дейін созылатынын жеті жасар бала да біледі. Алайда, бізге белгісіз себептермен бұл заңның талаптары қаперге де алынбаған.

Міне, осы жерден дау дауға ұласып бара жатыр!

Айтқандай, «Шардара-құм» ЖШС-нің лицензиясында да күмән келтіретін тұстар бар.

кәсіпкер де біздің құқымызды, Конституциялық құқымызды аяқ асты еткісі келетіндей. Бірақ, біз бұған көне қоймаспыз.

Таразының бір басында – «шықпа, қаным, шықпа» деп қос бүйірден қымбатшылық қысқан заманда өзер күн көріп отырған бір қауым ел тұр, екінші басында – аудан әкімінің шешіміне пысықып та қарамайтын, «өзім бимін, өзім қожамын» дейтін жеке кәсіпкер тұр. Ортада – тырбиған қоян сүйегі мен жүзгені, жаңбыр көбірек жауса жайқалып шығар жауқазыны, таралып өсер тарақбозы мен тасбақагүлі, қылқиып қараятын қырықбуыны мен текесақалы, азын-аулақ ноқетегі мен боз жусаны бар жапырайған төбе жатыр. Адамзат баласының ашкөздігінен қай күні құрбан болап жетер екен деп жетім баладай көтүгенде тұр.

Осындай озбырлардың ашкөздігінен Табиғат-Ананың тепе-теңдігі, жыл мезгілдерінің бірқалыптылығы, тұтастай алғанда экологиялық жүйе де быт-шыт болады.

Біздің бойымызда бір оңбаған, жаман қасиет бар. Ол – нәпсіні тия алмау!

Нәпсіні тия алмасақ, оның ақыр аяғы ашкөздікке апарарды.

**2022 ЖЫЛ 20 ҚАРАША
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ
ӘР АЗАМАТТЫҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!**

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы



**2022 ЖЫЛ 20 ҚАРАША
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ
ӘР АЗАМАТТЫҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!**

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы

САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНЕН ТЫС ЖЕРДЕ ДАУЫС БЕРУ

Қазақстанның барлық азаматтарының дауыс беру күні сайлау учаскесіне баруға мүмкіндігі жоқ.

Сайлаушылар:

- денсаулық жағдайына,
- отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау себебіне,
- шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты учаскеден тыс жерде дауыс бере алады.

Мұндай жағдайларда сайлаушы орналасқан жері бойынша дауыс беру туралы жазбаша өтініш бере алады.

Өтініш беру мерзімі – дауыс беру күні жергілікті уақыт бойынша сағат он екіге дейін.

Сайлау учаскесіне өтініш келіп түскен жағдайда сайлау комиссиясының төрағасы өтініш берген сайлаушының сайлаушылар тізіміндегі аты-жөнінің тұсына тиісті белгі қояды.

Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді ұйымдастырған кезде тасымалданатын жәшіктерді сайлау комиссиясының екі мүшесі алып жүреді.

Комиссия мүшелері байқаушыларды, сенім білдірілген адамдарды және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін сайлаушылардың дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс берілетіндігі туралы хабардар етуге міндетті.

Байқаушылар және кандидаттың сенім білдірген адамдары комиссия мүшелеріне ілесіп жүруге құқылы.

Бюллетень сайлаушыға жазбаша өтініш пен жеке басын куәландыратын құжат негізінде беріледі.

Бюллетень берген комиссия мүшесі оған өз қолын қояды, сондай-ақ сайлаушының өтінішіне де қол қояды.

Сайлаушының дауыс беру құпиясы міндетті түрде сақталады.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы

ГОЛОСОВАНИЕ ВНЕ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ

Не все граждане Казахстана имеют возможность прибыть на избирательный участок в день голосования.

Избиратели могут проголосовать вне участка по следующим причинам:

- по состоянию здоровья;
- уход за больным членом семьи;
- нахождение в отдаленных и труднодоступных районах.

В таких случаях избиратель может подать письменное заявление с просьбой о голосовании по месту нахождения.

Срок подачи заявления – до двенадцати часов по местному времени в день голосования.

Когда заявление поступает на участок, председатель избирательной комиссии делает соответствующую отметку в списке избирателей.

Переносную урну для голосования вне помещения сопровождают два члена избирательной комиссии.

Члены комиссии информируют наблюдателей, доверенных лиц и представителей СМИ о голосовании избирателей вне помещения для голосования.

Наблюдатели и доверенные лица кандидатов вправе сопровождать членов комиссии на выезде.

Бюллетень выдается избирателю на основании письменного заявления и документа, удостоверяющего личность.

Член комиссии, выдавший бюллетень, ставит в нем свою подпись, а также расписывается на заявлении избирателя.

Тайна голосования избирателя в обязательном порядке соблюдается.

Оңтүстік жұртының мінезі – жайдарман табиғаты сынды жылы жүзді, меймандос тілекті болып келеді. Шексіз аспан мен қиямет таңында тірілген адамдардай қаз қатар тізілген жусан шоғыры әлденені еске салып, естеліктер қазынасын оятады. Шардара қаласына барар жолда қызыл жыңғылдар қаулай өсіп, ауада әлсін-әлсін діріл білінеді. Сірә, ақын жырының мәйегі тұмса табиғат ортасында ұғынықтырақ, көңілге жақын тартқандай.

бұрынғы әннен өзгерек» дегендей, «Қазақтың Қазыбегі» аталған шығармашылық кеш құрылымы шынайы, әсерлі өтті. Кеш ортасында есімі қаламгер құрметіне Қазыбек деп қойылған он шақты бала шығып, ақын жырын жатқа оқыды. Мынадай асаи құрметке арқасы қозып, көңілі тебіренген Қазыбек ақын өзі де балалардың ортасында тұрып жыр оқыды.

– Бұралаңдау бұл өмірдің жолдары, Алла қорғап, ата аруағы қолдады.

жалғасын тапты. Алдымен келген қонақтар кітап көрмесін тамашалап, Түркістан мақамдары негізінде жарық көрген «Текті сөздің төресі» термелер жинағының тұсауын кесті. Одан соң мерейтой иесіне арналған «Тәуелсіздік тарландары» деректі фильмінің көрсетілімі өтті. Ақынның туған жері шағалалы Шардарадан бастау алып, Түркі әлемінің рухани астанасы Түркістанда жалғасын тапқан кешті ғалым, әдебиет сыншысы Құлбек Ергөбек жүргізіп отыр-



ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЗЫБЕГІ

Қаламгер құрмет биігінде

Ақын, Парламент Мәжілісінің депутаты, Халықаралық С.Есенин атындағы сыйлық – «Алтын күз» орденінің иегері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Қазыбек Исаның 60 жасқа толуына орай туған жері Шардара мен Түркістан, Шымкент қалаларында мерейтойы аталып өтті. Ақынның Шардара қаласында өткен шығармашылық кешіне белгілі ғалым, әдебиетші, академик Құлбек Ергөбек, мемлекет және қоғам қайраткері Ислам Әбішев, Мәжіліс депутаты Серік Ерубасев, «Ақ жол» партиясы қаржылық-ревизиялық комиссиясының төрағасы Болат Өтепбаев, Моңғолия елінің еңбек сіңірген қайраткері, ақын Сұраған Рахмет, ақын, «Көк тудың желбірегені» әнінің сөзін жазған Алмас Ахметбекұлы, Халықаралық Жамбыл атындағы сыйлықтың лауреаты, ақын, тележурналист Нұрлан Әбдібек, Жетісу облысы Текелі қаласы мәслихаты депутаты, кәсіпкер Абзалбек Сағымбекұлы, «Ақ жол» партиясы Шымкент қаласы филиалының төрағасы, кәсіпкер, полковник Әлімхан ӘБЖАНОВ сынды біршама зиялы қауым өкілдері мен өзге де қонақтар қатысты.

Кеш аудандық мәдениет үйінің алдында орналасқан Ұлы Абайдың ескерткішіне гүл шоқтарын қоюдан басталды. Қазыбек Иса шығармашылығына арналған көрмені тамашалады. Іс-шара барысында жерлестері ақынға құрмет көрсетіп, ақбоз ат мінгізді. Сонымен қатар, кешке келген ел ағалары мен арқалы ақындар құттықтау сөз сөйлеп, естеліктер айтып, арнау өлеңдерін оқыды.

Кеште сөз алған аудан әкімі Қайрат Жолдыбай:

– Қазақ тілінің мәртебесін көтеру бойынша атқарылып отырған жұмыстарыңызды халық көріп, бақылап отыр. Қазір Парламент Мәжілісінде атқарып отырған жұмыстарыңызды ел-жұртыңыз шын жүректен қолдайды деп білемін. Еліміздің өсіп-өркендеуі, рухани түлеуі, қазақ тілінің мәртебесі көтеру жолындағы қадамдарыңыз алға баса берсін. Ел алғысына бөлене беріңіз, – деп ақжарма тілегін білдірді.

Қалың көпшіліктің жүзінен туған топырағынан түлеп ұшқан ақынға деген ақжарма сезім, ақ адал ықылас байқалады. «Бұл ән

Қазыбек деп әкем босқа қоймаған Атымды осы ақтай алсам болғаны! – деген жырдың қорытынды шумағы барлық Қазыбектердің үніндей қабылданды.

Шіркін-ай, адам табиғаты, жүрегі, сезімі, ниеті дегенді қойсаңшы. Одан асқан қандай күш, қандай құндылық болуы мүмкін? Атақ сатып алсаң да құрмет сатып ала алмайсың. Шардара халқының ақынға деген құрметі кісі көңілін толқытып, ойға қалдырды.

Мұнан соң ұзына созылған мерекелік шеру жолға шығып, Қазыбек Жарылқасынұлының туған ауылы Қызылқұмға бет алды. Жолай Ұзын ата кесенесіне бас бұрып, қасиетті бабамыздың, кесене маңындағы қазақ үшін қан қасап замандарда тер төккен батырларымыздың рухына және осы қорымда жерленген Қазыбек ағамыздың әке-шешесінің рухына құран бағышталды. Қызылқұм ауылындағы Қазыбек Иса білім алған орта мектепте оқушылар шырқырай сырып алып, ақын атындағы қырыс атып, «Қазыбек Иса кабинетінде» өлең оқыды. Қанатын қомдап, қияға ұшқан перзентін ұлықтаған білім ордасы сәруар сөз сөйлеп, алғысын жеткізді.

ҚАСИЕТТІ ӨНІРГЕ ҚҰРМЕТ

Ізін ала Арыстанбаб кесенесіне тәу еткен делегация киелі Түркістан қаласында болып, кеш

Түркістан облысы әкімінің орынбасары Сәкен Қалқаманов өңір басшысының құттықтауын жеткізіп, ақынға құрмет көрсетті. Сондай-ақ Түркістан облыстық мәслихаты хатшысы Қайрат Балабиев әкеділ тілегін жеткізіп: «Қазыбек Исаның 40 жасына бері білемін, сол кезде-ақ белгілі ақын, тіл күрескері еді. Ақынды Түркістан облысының Құрметті азаматы атағына ұсынып жаттырамыз. Ол алдағы сессияда қаралады»-деді. Бұдан әрі Р.Сейтметов атындағы Түркістан сазды-драма театрының әртістері Қазыбек Исаның өлеңдерін нақышына келтіріп оқыды. Мерейтой иесінің әріптестері мен қанаттас халық ұлдары, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері ақжарма тілектерін арнады. Кештің модераторы Құлбек Ергөбек өз сөзінде: «Қазыбек Иса – суреткер ақын. Дәл Қазыбек Исадай суретпен алымды-шалымды ойды, ұлттың тағдырын толғай жырлаған, поэзия мен азаматтық екеуін егіз қатар ұштастырып, сәтіммен жырлап келе жатқан ақын бізде сирек. Сондықтан бәрін былай қойып, бір ғана Түркістанға арналған жырына қатысты айтсам, Қазыбек Исаның ақындық палитрасы ашыла түседі. Қазыбек Иса болатын болса, Түркістанның қазақтың рухани қайнар бұлағына құллі тұрқа халықтарының рухани астанасына айналып, түрленіп, түлеп келе жатқан сәтім әдемі жырлады деп ойлаймын. Оның тақырыптары сан алуан. Ол Сыр

бойының маужыраған табиғатын жырлаудан бастап, табиғатты тарихқа ұластырып, Түркістанның арғы-бергі тарихын мейлінше суреткерлікпен, ойшылдықпен өзара байланыстырып, өзара сабақтастырып, әдемі поэтикалық образ жасаған» – деген ойын жеткізді.

Түркістан топырағы жаңаша түлеп, болашақтың зәулім биігіне қанат қаққандай. Ақын жырымен рухтанған алқалы көрермен кеш соңында бірінен соң бірі азаматымен қауышып, дауылды жырмен шөл қандырды.

Бұл халық – кешегі қарт Түркістан тұрғындарының ұрпақтары, болашақ түрленген Түркістанның ата-бабалары. Сөз сәулесі кеудесіне қонған әрбір жан айдарлы, нұрлы, жарқын көрінеді.

Делегация қасиетті Әзірет Сұлтан кесенесіне зиярат етіп, Ахмет Яссауи бабамыз бен осы қасиетті жерде жерленген Абылай хан, Қаз дауысты Қазыбек би, Бөгенбай батыр бастаған хандар мен батырлар мен ақындардың рухына бағыштап құран оқыды.

ШЫМШАҒАРДАҒЫ ШЫРАЙЛЫ ЖЫР КЕШІ

Мұнан соң мерейтой шырайлы Шымкент қаласында жалғасын тапты. Кеш тізгінін алған ҚР Жазушылар Одағы төрағасы орынбасары, ақын, ҚР Ұлттық академиясының кор-

респондент мүшесі Бауыржан Жақып қонақтарды таныстырып, мерейтой иесіне жүрек жарды арнау жырын оқыды. Түркістан сарайы көрерменге лық толып, ақынның өлеңдері оқылып, әндері шырқалды. Мәдениет басқармасы басшылары «залға сыймай қалған көрермендерді кері қайтардық» деп, кеш ауқымын бояндап жатты. Дүбірлі кешке елордадан арнайы ат шалдырып келген ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты «Ақ жол» партиясы төрағасы Азат Перуашев ақынның ұлт үшін жасаған алуан ерліктерін жіпке тізіп, рух сардарының бұдан ары да әділет үшін қажымай күрес жүргізетініне кәміл сенім білдірді. Сондай-ақ Алаштың хан апасы атанған Ханбиді Есенқарақызы: «Шымкенттің «Түркістан» сарайында екі мың адам толып, аншлаг болып отырғанын кейінгі кезде осы ақын Қазыбек Иса бауырымның кешінде көріп, көңіліміз тілегін айтты» – деп, ақын інісіне ақ толып айты.

Кеште аты Алашқа белгілі ақындар, Моңғолиядан келген Сұраған Рахметұлы, Алмас Ахметбекұлы, Нұрлан Әбдібек, Батырхан Сәрсенхан және академик, ғалым, сыншы Құлбек Ергөбекұлы Қазыбек Иса туралы жүрекжарды тілектерін айтып, арнаулы жырларын оқыды.

ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты Серік Ерубасев: «Мәжілістегі 107 депутаттың ішінде ақын Қазыбек Иса ағамның жанында жүріп, елін көріп, мерейтойын бірге өткізу маған бұйырғанына шексіз қуаныштымын, бұл мен үшін зор құрмет» деп, ақынның парламенттегі ұлттық мүддені қорғаудағы зор қайрат-қарымына алғысын жеткізді.

Қазыбек Исаның бірнеше өлеңдеріне ән жазған белгілі композитор Қалдыбек Құрманәлі қаламгердің қырық келбетін ашып, ана сүтін қарындас абыл қасиеттерін баян етті.

«Қазыбек Исаға парламент керек болмауы мүмкін, бірақ парламентке Қазыбек Исадай қайраткер керек!» – деді ол.

Кеш барысында сахнаға Шымкенттегі Қарттар үйі мекемесі басшысы Шәрбат Шырынбекова мен қарт блогер Мәмбет Құрманбаев бастаған бірнеше адам шығып, ақынның Қарттар үйіне



ТІЛІП СӨЙЛЕГЕН «ТІЛІМ» ДЕП

Қазыбек Исаға
арнау

Жиделі байсын жерінде,
Ежелгі еркін елінде,
Бір батыр ғана бір ұлтты
Аман сақтайтын тегінде.

Жарылқасынның баласы
Бес қаруың белеңде.
Биіктен шыққан дауысың
Алысқа кетті-ау сенің де.

Азаттық жолы сияқты,
Жолдары ескі қиссаның.
Азаттық таңы сияқты
Шуағын шүлен құйса күн.

Таңдайы тілім-тілім боп,
Тіліп сөйлеген «тілім» деп,
Парламентінен қазақтың
Қазыбегі ғой Исаның.

Аузына маржан салдырған,
Өңшеңде «жақсы, жайсаңым».
Партадан бойы аспайтын
Парламентімді айтамын.

Саңқ етіп те бір қол сермен,
Сен тұрмасаң орныңнан.
Ондай да орда бар жоғын
Білмес те еді байтағым.

Құмдауыт сортаң топырақ
Табанын нықтап тірері.
Тамырын кернеп соққан қан
Жоңкіліп аққан Сыр еді.
Сырға бұл қарап сырты бойын
Түзейтін сонда қыр елі.
Ұйық бір мекен ұлтстан,
Аяулы алтын Түркістан
Тұранның түкті жүрегі.

Жүрегі түкті бір ұлын,
Жүрегі күпті бір ұлын,
Алдына келіп тұр еді.
Күмбезі асқақ кесене,
Қазыбек деген қайсар ұл
Имене аттап кірері.

Жиделі байсын жерінде,
Ежелгі Тұран елінде.
Бір батыр ғана бір ұлтты
Аман сақтайтын тегінде.

Туған жерім деп тебіренген,
Тұран елім деп еміренген.
Жаңғырып тұрсын дауысың
Түркістанның төрінде!

Алмас
АХМЕТБЕКҰЛЫ

жақында ғана газ кіргізіп берген
камқорлығына телегей алғыс ай-
тып, сөз алған ақсақал қария мен
ақжаулықты әже ақ батасын берді.

Кеш соны ақынның жаңа
өлеңін оқуымен қорытындыланды.

Ақындық — тылсыммен
астасқан аспаны өлем. Шын
таланттың іргестасы әділет пен
еркіндік, ар мен ұят, адамдық пен
ынсап арқылы қаланбақ. «Ақын
болу өз еркін, азамат болу міндетін»
дегендей, Қазыбек Иса әділет
үшін күресіп, ұлт құндылықтарын
түгендеп жүрген ақын. Ақын жолы
— кешегі сарғайып атып сәскеде
сөнген Алаш арыстарының жолы,
ардың жолы. Елім деп еміренген
ағыл-тегіл бұл жүрек — туған
жерінің түнгі оттарындай ұлт
шаңырағына сәулесін түсіре берері
талассыз ақиқат.

Батырхан СӘРСЕНХАН,
ақын, Мемлекеттік
«Дарын» жастар сыйлығының
иегері, Халықаралық «Шабьт»
фестивалінің Гран-При иегері

Оңтүстік деген қарапайым ғана түсінік. Алайда Оңтүстік ұғымымен қоса полюс аталымы бірге жүреді. Полюс (polus – «ось») жағрафиялық мұқым білге түрінде байтақ жердің Көк күмбезімен қиылысқан нүктесі. Қазақтың ұланғайыр пұшпақты — дала-түземінің кіндік тұсы болуы керек. Жоңғар анықтамасы бойынша Алатаудың күн бетінен Аралға дейінгі Балқаш пен Бетпақтың түсті сұлай жалғасқан жазиралы аумақ — Ұлы даланың барқат, баялышты, опыраң топырақты оң қапталы. Жер анарынан саулаған Шу мен Іле, қаймақты Қараталдың қасиетті күрентамыры кең жайылған жайылым мен берекелі ұйық — Оңтүстіктегі Қазақ аймақтары.

Көптен баруды армандағанбыз, әрі-сәріде оңаты келмей опынып жүрген дүр. Көшпелі тайпаның үлек тізесі ірей тарпыған, үдерелі түздің тұлай үйегінде түйенің іздері мәңгі сүлей үн болып озандаған осы аңызды мекен туралы тек эпостардан ғана шолып өткен бізге таптырмас олжа еді. Қазан айының 11 жаңасында мамыражай мамық сары күздің сәтінде менің бұрынағы жылдардағы жорам, андасым белгілі ақын, көрнекті қоғам қайраткері, ана тілдің арлан азулы күрескері, тұма жұрттың сұлдері жұққан тұңғыш та тұмарлы, тұғырлы Тәуелсіздіктің нағыз жанкүйері әрі ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты ақын Қазыбек Исаның 60 жасына арналған шараға қатысуға шақыруы келді. «Қазақ үні» газетінен бастау алған сонау бір сәттен бастап: тіл жүрген жерде қайманмен бір жүрген күмбірлен ақынның мерейіне бару парыз-ды.

ТҮСТІГІ – ОҢНАН ӨЛКЕ

(Жолқарак)



БАҒЗЫ ІСПІЖАБ

Шымкент — мегаполис — көне гректік ықымы бойынша алпауыт шәрі-кент. Көне Шымқаланың орыны ортағасырлық қорық мұрағаты Орта Азия тауыриһатындағы түгел киеге ие бағзы Баршыңшәрі. Саңғырт саялы Сайрам (VI ғ. Испіжаб) кенті Шымқаланың түп іргесінде адырнаның жібесі жуер тұсында орналады. Қожа Ахмет Жассаудің ата-анасы Әзірет Әлінің ұрпағы Шейх Ибраһим. Анасы — Мұса шейхтың қызы зәуі зыпалы Айша (Қараша ана) осы жерде мәңгі тұтыны алған. Шымқала — Қазығұрттың қасиетті самалды адыры, тасауфтардың (сопы) тағылымы тұрған, ертедегі Қаңлылардың қамалды, қаншама уақыттарда атамекені яки одан бері де Үш жүздің басын қосқан Ордабасы осы жерде.

Үлкен кенттердің қосыла дамуы немесе agglomeration-лық қосылар ұйығы. Жан санының жалпы шоғыры шамамен 1 миллионнан асып түсуі Токио мен Шанхайға жетпесе де жер жәннәті (117 мың гектар жерге еге) мен климаттық экотөгалды жайлылық жағынан жыл бойы 300 күн шуақ, бойына өте тиімді шәһәр. Ауасы тозансыз ылғалды, саф-тазал, жапын жарыл, жұпарлаты, жәуһер жамылғылы мұнарлы, мұнаралы ойпатты қылаң дала. Шырайлы қала салыстырма жағынан көрші түстіктегі Қырғыздың бас астанасы Бішкек кентінен көлемділеу, үлкен, Шаш кентінен сәл кішірек демесең — Шым қаланың тауыриһаты тым тереңде дүр.

ӨНІРДЕГІ ӨМІР

Шымкент социализмнің ультра күлгін кезеңдерінде де өнеркәсіптік бағыттарынан жаңыла қоймаған орта. Бүгінгі таңда да

қарқыны таймаған өнеркәсіптік өнімді орта туралы көп айтуға болады. Мысалы: мұнай өнімдерін өңдеу, химиялық түрлі сазарту заттары, жуу, бояу, сабын тыңайтқыштар т.с.с. электр жабдықтары, киім-кешек, тоқыма бұйымдары қатарлы азды-көпті өнімдері қосылса өзге өңіраралық сұраныстарға ие. Бұл бастауыш сөздерді баяғы индустриялық — инновациялық деп күрделі атау өлі ұғыммен емес тек жайлап (*жайлап, құдай қаласа — шымкенттіктердің өз сөзі — РС.*) мысалға ғана жүйелеп түрліде байырқалап айтсақ: жылына жүз мыңдаған байрқалап айтсақ сұрыптайтын, қордалап доллар болатын сұрып металл өнімдерін тиек етсек жетерді. Расы, оны сатып алуға бүткіл Орта Азия елдері түгел сұранысын қамдайды дейік... Қант пен балбауырсақ желісі өз алдына өнге, шөл қандыар Шымкенттің бал сырасын кім жек көрген-міс!? Әйтеуір тіл күрметелігін түрлі аттары бар — «Shymkent Smelting», «Sin Yuan Steel», «Авелар Солар Технолоджи» ЖШҚ, «Шымкент май» АҚ, т.с.с. байлық пен берекеттің игілікті орындары туралы зарылап айта беру бұл жолғы шаруаға онша қатысы да шамалы. Соңыра байытармыз, құдай қаласа...

ҚЫЗҒАЛДАҚ БҮРКЕГЕН КЕНТ

Шымкент әуежайына қонатын ұшақтар да сан жағынан төрткүл ғаламнан қалыспаса керек, суыт, шәпшаң. Бізге бұйырған ұшақтың аты FlyArystan немесе ұшатын арыстан деген мағынадағы лайнер. 90 пайызы қазақшасы көп, орманшарсы да аз емес қандас жолаушылар қатарлаң легі. Аспансерік стюардессалар түгел қазақ қарагөздері. Жауа-



ры салқын Сарыарқадан самалды жаққа жағыландарын баса киінген, қосқалаңын арқалаған су қара негрлер мен шолақ дамбал киген шоң танаулы ұзын сирақты нәсіл еуроопиттар көрінеді. Жиһанкездер екені даусыз. Жылына осы аймаққа келетін 200 000 жиһаншылардың күзгі легі болуы мүмкін!? Шымқала — қызғалдақтар мекені. Даланың алқызыл ләләгүлі — қызғалдақтың 34 түрі 15 күн ғана гүлдейді дейді бұл елде. Оны күруге жиһанкездер ағылатын маусым — ман көктем. Қырдағы қызғалдақ жыл құстарының тұң әуенімен көктен бұрын дестесін жаятын күн қиығындай үлбі өсін. Шымкент қаласындағы дендросаябақта 5 құлаш биіктікте гүл ұстаған қол бейнелі — «Қызғалдақ — оңтүстік мұрасы» деп аталатын инсталляция орнатылған. Шымқаланың 116 қонақ үйі, 10 саябағы, 7 мұражай, 5-6 театрлары жиһанкездерді магинтше жұлып әкелер бұларды... Ұшақтың бортында тіскебасар хәм су, сусынның бәрі сатулы, ең бергісі — «Рахат-Шым-ның» бір шағым кәмпиті де жоқ. Ешкім қабырғасын жаппайды, ұшардағы күршік реактивті құшақты күшеніп ұшардағы күршік үнінен қос ұлақтың тас бітелерде малтауға керек еді, ә — сол мәмпәзизі! Әйтеуір көңілге мелуі — борта қазақша күлдір, шүлдірең ескертулер ептеп лекіте жүріп жатыр. Астана мен Шымқала арасына 1 сағат 25 минут шамасында жол шегіледі. Таң-сәрідегі сағат 05.00-07.00 арасында шығыстың жалқын жиегіне қарап отырып ой сапырасың. Қасымдағы сапарласым соңғы кенже тума марка буынды тарпан өкілдерінің бірі — дарынды ақын, поэзия өлеміне әлдеқашан өзін лақтырған уақыт пен кеңістіктің шенберіне онша бағына бермейтін жас баһадүр бекшейір Батырхан Сәрсенхан. Тәуелсіз Қазақия үн парағының журналшысы, «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі есептесін. Оның телефону құлақшасын Людвиг Бинтхе. Оның болуы керек әлдебір заржақ сазышдан сұңқылдата, күңгірлеу орындалған фортепианодағы махаббат серенадасы я болмаса әйдік «Ай сонатасы» секілді ме, бір күмбір үн құлағына сиеді. Әуежайдағы қарсы алатын тәксишілердің үйреншікті «мейірімі» таңғы тірлік пен әлі де ояна алмай жатқан көшеде тіпті сарғая қоймаған қызғалдақ текті гүлзарлы көшетті көшелермен зулап келеміз!

ТӨРТ ЖОЛДЫҢ ТҮЙІМІНДЕ

Шымкенттің төрт бұрышынан 5 жол шартарапқа қарай бастайды. Бізді қаланың шыға берісінде осы жолдың себепкері 60 жастың табалдырығында тұрған атасы Исаның төл немересі Қазыбек Жарылқасынның оның жұбайы Жәннәт Ботайқызы күтіп тұрды. Жәннәт осы әулеттің керімсал келіндерінің бірегейі. Шағын ғана жанашыр достары мен жарасымы келіскен әрқайсысы қорғасыннан салмақты ел ағаларымен дейік, мемлекет және қоғам қайраткері айбары мен сұсы ба-сыз Ислам Әбіш жетіне жеткен шетін жүрген біз үшін тысы мен сыртынан да ішкі әлемінен зиялылықтың (*интеллектуалды*) айнасы, белгілі тұлға академик, Түркістанның құрметтісі, ардақты Құлбек Ергөбек аға да осында екен. Қазыбектің өзінің үзеңгілес серігі ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Серік Ерубәев, Жетісу облысынан жеткен кәсіпкер хәм сол Текелінің «тентегі» әрі қауым елдің қалаулы азаматы Абзалбек Сағымбек т.с.с. шағын топ атқосаты, қазақы шашбаушылылар.

(Жалғасы 10-11-беттерде)

(Басы 9-бетте)

Сәлем бердік, табыстық, үйірге келген жылқыдай шұқырастық. Құттықтадық, сәттілік, абыройлы ақ жол болсын тілестік. Уақыт тығыз, алдымызда шаралар тізбегі тұр. Қазыбектің туған жері – Шардараға қарай тарттық...

ЖОЛ БОЙЫНДАҒЫ ОЙЫМ

Шымқалаға ең жақын орналасқан ТМД мемлекеттерінің бірі Өзбекстан шамамен 80 шақырымдай ғана бір белестің жиегіндегі іргелес ел. Тарихтан бері атақонысы жалғасқан, бір өңірдегі егейін жұрт, ескі Сейһуннан су ішкен тамырлас тілдес, тіндес, ауылы аралас ағайын. Өзбекстанда қандастар саны 800 мыңнан 1.5 млн. дейді белгілі ғалым Гүлнәр Мендіқұлова (Мендикулова Г.М. Казахская диаспора: Истроия в современность. – Алматы: Реиз, 2006. – 343б. (7). Қобландин К.И., Мендіқұлова Г.М. Өзбекстандағы қазақтардың тарихы және бүгінгі дамуы. – Алматы: ДҚК, 2009. – 296 б. (3). Енді бүгінгі ХХІ ғ. ширегіне дейін қанаттаса, жарыса дамыған мемлекеттердің үдермелі үлкен әртекті тәжірибелерін неге керектенбесіңіз? Шымқала Экономикалық әлеуетіне орай Батыс Қытай, Батыс Еуропа дәлізі арқылы төтенше тәуменді де ең қарқынды егемді аймаққа айналуына болады. Жер жағдайы да инфрақұрылымы да оңтайлы, іш пен тысқа есе қолайлы макроауқым, микродеңгейдегі өңірлік, халықаралық керемет жобаларды игеруге де. Күн астындағы бүгінгі Қытайдың реформаторы Дэн Сяопин (Дың Шаупин) экономикалық аймақ деп Ашық қақпа тұжырымын ұсынғаны бар. Бұны «бір тырнағын ішке бүккен» саясат әлемдік геоэкономикалық Дэн Сяопин тәсілі деп те жүр... Оның нәтижесі кешегі елеусіз арал бүгінгі Гонконгін жасады емес пе? Елдімекендердің де өзіндік ерекшеліктері бар. Жол сорабын жағалай Шарбұлақ, Ашыбұлақ, Айнатас ауылдары және бастауы Қазығұрттан Келес өзені көбесі малға жайлы, егістікке ежелден қолайлы, шұрайлы. Шарбұлақ ежелгі қазақы қойдың өрісіне арналған өлке секілді. Фермерлік су жана 1 мыңға жуық шаруашылыққа құдай берген түнкелі аумақ. Бүгін қой деген семіздікті көтере алатын шопанатаның еті, жүнінен тыс демін де ідеп жүрген жеткен ғылыми іздеулі соны технологиялар көп. Дүниедегі ең сапалы қой Аустралияның қойы, жүні мен терісінің бағасы ғаламдық базарда атакты бренд, тауар есебінде. Қазақта таяу төрт бес (2025-2028 жылдары шамамен) жылда 1 млн ірі қара, жылқы мен сиыр, 4-5 млн ұсақ мал, 200 000-250 000 мың түйе өссе деген үміт бар. Түйенің жері негізі қазақта ғана. Оны сақтау керек. Мавритания түйесін құртты. Алжирдегі түйенің саны ХХ ғасырда 250 000 мыңға жетіп еді, енді күрт азайды. Бұдан өзге Мақтарал, Сарығаш, Шардараның ауқымынан жиналатын орта есеппен 1 млн. тонна мақта, 1 млн. тонна бидай, 400-500 тонна күріш өнімін алса ше?! Бір тонна мақтаның құнын Ұлыбританияның 1841 жылдан басталған әйгілі Ливерпуль биржасы (Liverpool cotton association) анықтайды. Тек шамамен ғана осы күнгі 1 тонна мақтаның құны 180 000 – 190 000 теңгенің о жақ, бұ жағында болмақ. Бұдан да үстем кетуі де ғажап емес. Күріштің сортына қарай бағасы едәуір қымбат. Осы ақ күріштің астанасы Вьетнам



болған тауыриһатта. Хоабинде осыдан 4000 жыл бұрынғы күріш алаңы табылған! Хош! Қаржантаудан Қазығұртты шарлап Шардара бөгетіне 240 шақырым жол шегетін, өріске ылғал беретін ең тұщы сулы өзен. Іштен бастау алып шетке боса қашпайтын өз өрең-өзен-тамырын. Қазақ елінде болашақта тұщы су мәселесі туындауы туралы айтылып жүр. Өткен жылы талантты ғалым Елдес Орда есімді інішек «Қазақстанда су тәуелсіздігі» декларациясы суыт жариялануы керек: күндердің бір күнінде судың құны мұнайдан қымбат болады деген старатегиялық аса маңызды түренін көтерген. Бұған әліге шейін ешкім назар аудармағаны да солай!? Су туралы аңызды бұрқырата жөнелетін бір кезеңде Қазақ су ресустарына геосараптама жасап, өзі бір таршын кезеңде «су иесі Сүлеймен» болған сұңғыла аға тірі энциклопедист Ислам Әбіш бұл туралы тарқата жатар. Қазығұрттың аңызына сәйкес төрт түлік яки төрт түліктің ең сабазы мал өсірсен – қой өсір,



табысы оның көл-көсір дейтін киелі жер секілді. «Қазығұрт қойы» деген жана атау бренд жасауға лайық! Бұл өлке бидайықты, бозжусанды, бөзкөделі, бозселеулі, көкшалғынды, еркешепті т.т. емдік түмен түрлі еміне екшеуілді егінді өрісті көріп, тандана қарай береміз. Долана мен жабайы алмасы, қызыл шиесі мен бадана қарқасы, қойбүлдіргені асып төгіліп жататын ұйық – дүниежүзінде өте сирек шығар!? Сол үшін жиделі байсын, жемісті жердің үстінде отырған жекен жұрт – мұндағы қазекем. Сарығаштың минералды шипалы арасаны әлемде алғашқы ондықтан түспеуі де мүмкін! Ат үстінде жүріп ризығын бүтін қалдырған бүткіл атабаба руһтарына мың алғыс!

дара су электр станциясы» АҚ. Суыт жүріп, жолай жан-жаққа жалтақтап, тамсанып жортқан біздер «Мақтарал»-дан дәм таттық. Кеңестік жүйенің тұсында Мақтаралдың мақтасының қадірін білетін бірден бір ел болса ол – Моңғолия еді. Біз Мақтаралдың мақталы (көбенте) шапалып, жылы көрпесін жамылып, кешегі қызыл дөңсе деп аталатын темекіні кәзітке орап бұрқыратып өскен елміз! Мақта демекші мақтаны ғаламдық стандартпен өңдейтін орынды енді Шардараға әкелуі керек. Келуін жөзделтпесе уақыттан кешеуілдеуі сөзсіз. Үлбірек ұлпа мақтаны бағзыда – ұлпымәлік деп атаса керек. Осы ұлпал мақтаның 1 тоннасының құны шамамен 7

ТҮСТІГІ -

ШАҒАЛАЛЫ ШАРДАРА

Шардара Қазыбек Исаның туған жері, киелі ұйығы, сағымды сағынышы, құлыншақ шағы, бозбала дәурені өткен, өскен жері. Шағалалы Шардара – тауырихта «Төрт кент» атауымен ұласқан атау. ХХ ғ. 1959 жылға дейін «Сырдария кенті» деген тағы бір соймен жалғасты. Алайда 1963 жылдары Қызылқұмның негізінде Шардара пайда болған деседі. Жоғарыда біз тандай қағып танданған «Азия жолбарысы» Гонконгдан он сесе үлкен жері бар кент. Мұндағы Шардараның төлқұжаты – «Шар-

мың АҚШ долларына тең. Бұл осы Шардара секілді аймақтың құнарлы топырағында ыстық қуатты күннің алтын шуағынан нәр жыртып алып, көкке тырмысып өсетін доллар яки қазыналық ақ алтын! Дүниежүзі, жер шарында ма мақта егетін жүзге жуық елдер болса – Шардара, Мақтарал солардың көш қатарында Қазақ Елі. Бір кезде күріш пен мақта туралы насихат пішіндегі салтанатты әндер де туған-ды. «Ақ мақта» әні әйгілі сазгер Мұқан Төлебаевтікі сөзі адуын ақын Нұтфолла Шәкеновтікі еді.

*Жан едім көп сенімім,
серт ақтаған,
Сый алып келіп тұрмын
ақ мақтадан.
Мен де бір ауылымның
жұлдызымын,
Сүйсіне өнеріме ел мақтаған.*

*Еңбегіңмен ер боп ақта,
Еліміздің үмітім.
Алтын мақта біздің жақта,
Кел ауыға, жігітім!*

Осылайша Шардараға жеттік. Қайран да қайда да ақпейіл, бауырмал жұрт ауданның орынбасар уәлі Бауыржан Шомпиес бастасар топ еңкілдей құрақ ұшып, елпілдей құшақ жая алдымыздан қарсы алды. Қазақ тілінің мерейін көтеріп жүрген тіл күрескері ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қазыбектей ақын ұлын, ер жігітін етене кеуіл тек салтанатпен ақ шәрбөт сүт, боз тағам, үлкен жоралғымен құшып жатты. Қарапайым туған елдің қабағат мейірі құйқылжыған күйдің құдыретті ырғағымен күллі өңірге тарап бара жатты. Шардараның Мәдениет сарайында болған ұлы жиында тұмарлы аманат ретінде тұрманды ақбоз ат мінгізіп, Тәуелсіз Елдің тұғырындағы қалаулы ұлдарын аянбай ұлықтады. Кекілінен зеңнің иісі, кеудесінен тердің иісі, тоқымынан ердің иісі, құйрығынан желдің иісі, шашынан жердің иісі аңқыған ақбоз Шығыс Түркістанның азулы ақ арыстаны Оспан батырдың ақбоз аты секілді есік пен төрдей тұрды, құйма тұяқты тұлпар ауыздыған қарш-қарш шайнайды! Бұл ауыл-

да Қазыбек есімді өспірімдер көп екен. Ақын Қазыбектің өлеңдерін жатқа оқыған он санды өрімдей жас талантты Қазыбектердің жырларымен шағалалы Шардараның ақ шарбылы толқыны ақтарыла ауағандай еді.

Беу, осы шәрағати Шардарадағы «Armsport Shardara» Армрестлинг спорт кешені бір ғана Арман Романұлы Қарсыбаев есімді кәсіпкердің демеушілігімен тәмамға жол ашқан. Қолдары сомен темірдей Мағжан Шәмиев, Ердәулет Сарыбай, Меруерт Айдарбекқызы бастаған 91 әлем чемпиондары да осы ауылдан туған! Қол күресі спорты елімізде айрықша дамыған аймақтың негізі – Шардара қаласы. 2001 жылы негізі қаланған «Shardara Arm» спорт кешенінен бүгінге дейін 72 әлем чемпионы, 26 әлем кубогы иегері, 209 Азия чемпионы, 50 Азия кубогы иегері, 359 ҚР чемпионы шыққан.

Есіктің қасбетінде Ұлы Тәуелсіздіктің куәсі – Көк байрақ желбірейді. Осы жерде «Көк тудың желбірегені...» әннің авторы ақын Алмас Ахметбек тебірене сөйлеп

тұрды. Керемет туынды фонда! Менің көз алдыма осы әннің сазын құзған Ермұрат Зейіпхан марқұмның қоңырқай бейнесі елестегендей болды! Қайран дүние! Шардарадағы әдебиет фенклубі секілді «Қазыбек Иса атындағы әдеби бірлестік»-те болған жыршұақты жақсы мезеттегі ақжарма балаң пейілді ақын іні қарындасстарға шоң алғыс!

Шардарада «ақ» көп, әйтеуір! Ақ мақта, ақ сазан, ақ нан, ақ күріш... Оларды: «Шардара мақта» АҚ, «Шардара нан» АҚ, «Шардара балық» АҚ, секілді ұжымдар made in Shardara деп жөткелді. Жер көлемі жағынан аз емес ақсауытты Шардара 13 000 км², ал алпауытты Гонконг 1.104 км² мөлшерде-міс. Құйып жетеді Сянжында да құдай қаласа! Қызықтысы Сянганда көк тіреген нешеме қабатты биік үйлер болса: Шардарада екі қабатты үйлерді табудың өзі қиын!?

Шардараның ақ теңгедей толған айының астында ақын Батыржан екеуіміз аяндап, аздап аңқытып келеміз. Баһадүрқағанның құлақшырышын да бұ жолы Иоганн Себастьян Бахтың «Ұлы месса» деген ұзына озанды әуені «ұлып» тұрған еді!

ҰЗЫНАТА

Бұ түстікте ата мен анаға құрмет көп. Елдімекендердің ішінде ғимарат маңдайшасына жазулы «Қалдықыз ана», «Қадырбай ата» т.т осындай орындар аз емес. Енді Шардарадан шығып Ұзыната кесенесіне қарай тарттық. Әмір Темірдің пәрменімен ХІV ғасырдың соңында күйдірілген қыш кірпіштен қаланған. Іргесінде кірпіш соққан ошақтың табы қалған көне кесене. Ұлы қолбасшы Ақсақ Темірдің бас уәзірі, әулие... Ұзын ата күмбесінің маңдайшасына араб қарпімен Шер Мұхаммед Хәлім Дұрманұлы 1377 жылы қайтыс болып, осында жерленгендігі айтылып. Шырақшылары жылан-кие туралы аңызды ағытады. Кеңестік жылдарда мал қорасына айналып тозығы жет-

кенде ақылман ақсақалдар ара түсіп аман алып қалған құдыретті зияратхана. Мұндағы қорымға жерлеген Қазыбектің өке-шешесіне дұға қайырдык. Қорыс-қопалы алақандай қонысты аумаққа қондырылған бұ жерге алыс, жақыннан келетіндер саны да мелжемді. Айналасы толған ырысты, күршіт қоныр ұйықта бүткіл құпиясын өз қойынындағы киелі құдыққа сақтап – Ұзыната әулие яки ауызша тауырияттағы Шырмұхамбет Халипа жатыр жарықтық!

ҚЫЗЫЛҚҰМДАҒЫ АУЫЛ

Құм мінезін бағзыда Ораштан (Оралхан Бөкей) оқып, таңғалып едік. Шағын ауылдың жүзімдей түйімі Қызылқұмның сырға шетіне сексеуіл, құмқияқ, бұйырғын, қызыл жыңғыл, қыңыр жантак, топшенгел, тораңғыға жастана орнапты. «Қызыл жыңғыл» деп кітабын ұсынған Қазыбек ақынның ашала иекті адал бақанды, Жарылқасынның жаратқан

Арыстың көбесіне тақау кең өткелдегі Фарабтың (Отырардың) жұртына қонсы кент. Мұндағы Арыстан-Баб кесенесі өзгеше дарсана, бейсаналық түрдегі дара мұра. Баб – қақпа мағыналы атау. Аңыз бойынша Арыстан-Баб қабірханасының үстіне тегіннен мінезаттық көрхананың іргесі



ТҮРІКТИҢ ТҮБІ ТҮРКІСТАН

Түркістан қаласы түрленген, түгел түгенделген. Бұрынағы жадаулау қаланың жана жаңғыруы көзге де көңілге де жарасты. Көшелер мен көшеттер, тұптағаны сәнмен бекіген әсем ғимараттар өз ал-

пани (1182-1252) жазбаларында ұшырасатын бір белгі – окка ұшып өлген жауынгердің басына шаншитын айбалта секілді тотем (герб). Көрге қадалған жарқыраған айбалта секілді отбелгі қанжыр деп аталуы керек содан сөнеу ежелден. Бүгіндері қазақ бейіттерінің түгелінде шаншулы тұратын айбалта секілді отбелгінің (айбалта белгі) аңызын мүмкін болса іздеу мақсат еді. Алайда Тұран даласындағы үлкенді, кішілі далақтарының кеніпиясы күні бүгінге шейін толық ашыла берген жоқ. Ендігі кезекте ғаламдық аса құнды мұралар тізіміне енгізілген, толық мың жылдықты еншілеген тұтас Түркістанға жыл сайын келетін жиһанкездердің саны жарты жарымнан бүтін миллионға жетері даусыз. Ендіше тағы да бір ерекшелік – қазақ ханымдарының ғалам патшайымдарымен иықтаса түсетін бір ғайыпи дүние мұрасы мұнда жатыр. Ол, жұлдызды Көктің жұмбағы – құс жолына ұмтылған ұлы астроном, ғұлама ғалым Ұлықбек (толық есімі Мұхаммед Тарағай бин Шахрух) (1394-1449) дүр. Сол Ұлықбектің

бұлаңытты көбе Арыс жағалауынан да асығыс өттік.

ШЫМҚАЛАНЫҢ ЖЫРЛЫ КЕШІ

«Аудитория» (1984) «Тоғыз перне» (1988) атты ұжымдық жинақтарға енген. 1996 жылы «Керімсал» деген жеке кітабы, 2002 жылы «Қызыл жыңғыл» кітабы, 2008 жылы «Тәтті шөл», 2009 жылы «Сырымды айтма далаға» жыр кітабы жарық көрген ақын Қазыбек Исаның төл шаһардағы кеші поэзия шырайымен жалғаса берді. Салтанатты жиынның қос тізгінін тең ұстаған Қазақстан Жазушылар Одағы Төрағасының орынбасары белгілі ақын Бауыржан Жақып теңшеп, басқарып отырды. Ақын апасы Ханбибі Есенқарақызының лебізімен залдағылық толық жұрттың көжеметі ерекше жауып тұрды! Екі-үш күндік жолсапар шегіне жетті. Ақынның 60 жасы келер 70-ке қарай аял тартқан уақыт санала бастапты... Ертенгі ұшаққа дейін Шымқаланың төріндегі мәуелі бақшада ақындармен жолығуға мұрсат керек!

ҚАЗЫБЕКТИҢ АҚЫНДАРЫ АЛАМАН

Менің аяулы алтын талантты інілерім ақын Бегзат Смайдыр, жазушы Досхан Жылқыбай да осы кенттің төл тумалары. Олар Алматы мен Анкарада жүр. Мұнда да жойқын-жойқын үндері үдеп келе жатқан кейбір ақын інілерімен де жолықтық. Бү ретте өлеңін өрген өңшен еңкіл ақындардың өңі мен бояуы қаныққан өлеңдерінен тындаудың сәті түскен-ді. Ақынның кешінде сол аққу кикүлі ақындарды іздеу, оларды капелімде «қолға түсіру» де машақат болды! Сүндет Сейіт деген ақынның «Ұмытпас» жыр жинағы бар екен. «Қаңғыған жебе емес-ау, андыған жебе секілді, елестер өлген секілді...деп келетін түйдек күнгірт жолдары өңгеше сөзілді т.т. Дәурен Айманбеттің «Аялдама» жинағындағы «Сары жапырақ – сарғайған жүрек...» өлеңі де жас оқырманның көкірегінде ұзақ өмір сүретін ұстаралы пейзажи сүгірет... Адуын ақын Әлімжан Әлішердің «Мені құшақта» жыр жинағында «...көрінбейтін ұстаған қола сырнай...» секілді тыңтүрен тылсымы шумақтарға толы. «Лаура» өлеңі де... Нұркен Нұрғазының Шексіздікке серпілген сезімді сөз ұстандары сирек кездесер бөрі сүрлеуіндей. Арайлым Мұратәлиеваның «Айзер» жыр дестесіндегі «...Аспан саған өлең оқып берейін, өлеңімде адамзаттың мұңы бар...» дейтін даланың сарғыш бояуы сіңген нәзік назым сүгіреттері үнсіз мұң шақырады. Ақбота Бейбітбектің «Көңіл күйсандығы» кітабы қолыңызға түссе мүмкін: «adele» синдромдарын оқуға болатындай... Салтанат Мадиярқызының «Шахмат» жинағындағы «Шахмат» жыр көшегі де қызықты. Сезім Мергенбайдың «Жыласам құдайды еске алам» немесе «...зәреп болған жанарымды аяп... Сен де бір жылашы...» дейтін өте тосын іздері сан құбылмалы. Мінеки, көбелектің көлеңкесіндей ғана бейсаналар елесі, іңір мен таңның, шуақ пен күнгірттің арасынан жыр жәуһерін жинап жүрген жас перілердің тұманды ойлы жырларымен бір түнді де бастан кештік.

Сұраған РАХМЕТҰЛЫ

Шымқала, Шардара, Қызылқұм, Шәуілдір, Түркістан 2022 жыл қазанның 11-14 жаңасы

ОҢНАН ӨЛКЕ

жақтаған қарашанырағы, қазақтың бір бақуатты қоныр үйі осында екен. Күренкі мұнарлы түнде күрші жамылып ұйықтап, маусымның майдасамал қыланды таңында мақтасырап оянатын марғау маңдала, мауытылы майсаң түздегі шәкене ауыл. Кезінде белгілі киногер Нұрлан Әбдібектің Қызылқұм турасындағы деректі фильмі осы жерде түсірілген дейді. Марғасқалар мекен еткен құланиен ұлан-байтақ өлкенің бір шеті – Қызылқұм оқуығы (округі). Қызыл құм орта мектептебіндігі «Қазыбек Иса кабинеті» – мен танысып, жас оқырман оқушылардың жұлдызды пәк жырларымен сусындаудың сәті де бір ғажайып! Қарашанырақтың кескін сүгіреті ерекше шіркін! Қара ошақ, қара қазан, қара сам-мауырын, қараласымар, қара қобди, ала-қара текемет, көз қимайтын бей бегірелер. Қайран ананың әріден ұласып, қолының табы қалған жәдігерлер! Құйттай ғана құдыретті ауылдың сәні – бидай өндес ағайын, үлкен ата, ақ әже, баршындап қалған аға, бабағы сұлу жеңгелер, атанжілікті азамат, үкілі келін, теңдесіз түрлі қимыл, абыр-сабырлы сарқын саңырақтағы ақ дастарқандағы ақсепе ежелі тілектер, тектілік хәм тентек ұлдардың ойнақы жүздері! Қызылқұмда өсетін Күн түсті қауынның дәміне сөз жетпейді. Әркімнің туған жері – Мысыр шәріде деген тәсіл осыдан шықса керек!? Баяғы Көксерке, Ұлы Бөктерде кейін қалған өз сүгіреттерімдей әзіз!

ШӘУІЛДІР. АРЫСТАН – БАБ

Аңыздағы тауы – Шәміл – Дүр. Бүгінге жеткені жалпы атауы – Шәуілдір. Ұлы Шыңғыс қаған жорығынан қалған іздер Шүүдәр (Жәудір шық), Шивэр, Жұбыр, Шөвдөр деген атаулардың қай-қайсысы да Шәуілдірге ұқсас! Бұл енді өңге деп... Көне оғыздардың атақонысы дүр. Берігіндегі Саттар Ерубасев есімді новеллист ақынмен құрдас өңір Шәуілдір (1934)...



